



12 желтоқсан, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

МӘЖЛІС

2 Егінді өртараптандыру – ерекше маңызға ие

СҰХБАТ

4 Теңізді өңірдегі ерелі істер

ҒИБРАТ

5 Ұмытылмас бейне

ТУСАУКЕСЕР

8 “Бұрынғының адамдары” бүгінгінің қолында

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің видео конференция форматында өткен кезекті отырысына қатысты. Онлайн саммитке Қазақстан Президентінен бөлек Жоғары еуразиялық кеңестің Құрметті төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев, Армения Республикасының Премьер-Министрі Никол Пашинян, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасы Президентінің міндетін атқарушы Талант Мамытов, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Еуразиялық экономикалық одақ жанындағы бақылаушы мемлекеттің басшысы ретінде Молдова Республикасының Президенті Игорь Додон, шақырылған мемлекеттердің басшылары есебінде Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев, Куба Республикасының Президенті Мигель Диас-Канель, сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Михаил Мясникович қатысты.

Жиында Еуразиялық экономикалық одақты дамытудың өзекті мәселелері, атап айтқанда, Еуразиялық экономикалық интеграцияның 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму бағыттарының пысықталған жобасы, ұйым аясындағы ынтымақтастықтың басым бағыттары, тауар өндірушілердің мүдделерін қорғау үшін жалпы демпингтік, отемақы төлеу және арнайы шаралар қолдану тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ, Өзбекстан мен Кубаға Еуразиялық экономикалық одақ жанындағы бақылаушы мемлекет мәртебесін беру мәселелері талқыланды.

Қазақстан Президенті өз сөзінде биылғы жылдың барлық ел үшін күрделі сынақ болғанын, бірақ Одақ бірлік пен ынтымақтастықтың үлгісін, ең бастысы, сын-қатерлерге қарсы тұруға қабілеттілігін көрсеткенін атап өтті. Халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды шешімдер жедел қабылданды.



Мемлекет басшысы COVID-19 індетінің тез таралуы, шикізат тауарлары бағасының құлдырауы, бүкіл әлемде экономикалық белсенділіктің бірден төмендеуі – осының бәрі одаққа мүше елдердің экономикасына кері әсер еткенін айтты. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының ресми есебіне сәйкес, 2020 жылдың қорытындысы бойынша, әлемдік ішкі жалпы өнім 4,5 пайызға қысқарады. Ал, Дүниежүзілік банктің болжамы бойынша бұл көрсеткіш дамушы елдерде 2,5 пайызға құлдырайды. Биыл жан басына шаққандағы кіріс көлемінің 3,6 пайызға төмендеуі – ерекше назар аударатын мәселе.

Сонымен қатар теріс тенденциялар Одақ аясындағы сауда-саттыққа әсер етті. Өзара сауда-саттық биылғы 9 айдың ішінде 13 пайызға төмендеп, 39 миллиард долларды құрады. Еуразиялық экономикалық одақтың үшінші елдермен арадағы тауар айналымы одан да көп, яғни 19 пайызға төмендеп, 447 миллиард долларға жетті. Мұның бәрі тиімді іс-қимылдарды жедел реттеуді, өсім резервтерін іздеуді және Одағымыздың экономикалық әлеуетін көрсетуді қажет етеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Еуразиялық экономикалық одақ

құрылғаннан бергі кезеңде Қазақстанның серіктес елдермен өзара сауда айналымы 33 пайызға артты, соның ішінде, экспорт 25 пайызға өсті. Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен тартылған инвестицияның жалпы көлемі 6 пайызға дейін артқан. Бірлескен кәсіпорындардың саны 2 есеге көбейіп, шамамен 13 мыңға жуықтады.

Көптеген ел Одақпен ынтымақтастық орнатуға ұмтылуда. Өзбекстан мен Куба Еуразиялық экономикалық одақ жанындағы бақылаушы мемлекет мәртебесін алды.

– Өзбекстанның Еуразиялық жобаға қатысуы біздің екіжақты байланыстарымызды, сондай-ақ, Орталық Азия аймағындағы ынтымақтастықты толықтыра түседі деп санаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Еуразиялық экономикалық одақтың 2025 жылға дейінгі стратегиясының бекітілуіне ерекше назар аудару қажет. Биылғы мамырда Президент аталған құжаттың дау туғызатын кейбір тұстары бар екенін ескере отырып, Стратегия жобасын әлі де жан-жақты пысықтау қажеттігі туралы ескерту айтқан болатын. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл ұстанымына қолдау көрсеткені үшін барлық әріптестеріне, мемлекеттер бас-

шыларына ризашылығын білдірді.

Жиын барысында Комиссияның кадрлық құрамын жасақтау жөніндегі Қазақстанның ұсынысы да талқыланды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға, шағын және орта кәсіпорындарды интеграциялық өндірістік үдеріске тартуға, Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы мүшелерінің бизнес өкілдерімен бетпе-бет кездесулер өткізуіне бағытталған бірқатар ұсыныс айтты.

Қазақстан Президенті мемлекеттер басшыларының назарын Шығысты біртіндеп әлемдік экономикалық тартылыс орталығына айналдыратын Қытай мен Азияның өсіп-өркендеп келе жатқанына аударды.

– Азия, шын мәнінде, ХХІ ғасырдың аймағы болады. Қазірдің өзінде әлемдік ішкі жалпы өнімнің 28 пайызы осында шоғырланған. Бұл көрсеткіш әлі де өседі. Қазір «шығысқа бет бұру» тренді көлік-логистикалық кооперацияға жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Біз, яғни Еуразия елдері өз транзиттік әлеуетімізді толық жүзеге асыруымыз керек. Күре жолдардың трансшекаралық учаскелерін жаңғырту ісін жеделдетуді, соның ішінде, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолының Ресей Федерациясы

аумағындағы бөлігінің құрылысын аяқтап, жаңғыртуды ұсынамын. Бұдан бөлек тауарлардың ішкі айналымының еркіндігін, сондай-ақ, үшінші елге жасалатын транзитті қамтамасыз ету мақсатында барлық автомобиль дәліздерін цифрландыру үдерісін бастау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2021 жылдан бастап Еуразиялық экономикалық одақтың жарғылық органдарына төрағалық ету міндеті Беларусьтен Қазақстанға өтеді. Мемлекеттер басшылары еліміздің төрағалығының негізгі басымдықтарын атады. Бұл – Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты толыққанды іске асыру, кедергілерді реттеу, өзара тиімді іс-қимылдарды және халықаралық ынтымақтастықты дамыту, Комиссияның кадрлық құрамын жасақтау жөніндегі рәсімдерді жетілдіру және оның функционалдығы мен жауапкершілігін күшейту.

Қазақстан Президенті сөзінің соңында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара күш біріктіре отырып, алға қойған мақсатқа қол жеткізетініне және еуразиялық интеграцияның мүлде жаңа деңгейге көтерілетініне сенім білдіріп, Президенттерді келе жатқан Жаңа жылмен құттықтады.

● ҮЗДІКТЕР ҮЛЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен онлайн режимде «Алтын сапа» сыйлығын табыстау салтанаты өтті. Жиында Президент «Алтын сапа» сыйлығын отандық кәсіпкерліктің дамуына елеулі үлес қосқанын, бизнес секторды ынталандыру әрі қолдаудың маңызын атап өтіп, үздіктерді құттықтады.

«АЛТЫН САПАДАН» АРНАЙЫ НОМИНАЦИЯ

Іріктеу сынынан өткен кәсіпорындар «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын», «Халыққа арналған тауар шығаратын үздік кәсіпорын», «Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын», «Ауылшаруашылық өнімдерін шығарушы үздік кәсіпорын» номинацияларын иеленді. Сондай-ақ, «Ұлы дала елі», «Іскер», «Бизнес кемелділік» аталымында үздіктер анықталды.

«Алтын сапа» сыйлығын табыстау салтанатында Сыр елінің екі кәсіпорны арнайы номинация иеленді. «Іскер» аталымы «Абай Дәулет» ЖШС-на бұйырды. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсінов кәсіпорын басшысы Мұрат Сәрсенбаевқа арнайы марапатты табыстады. «Абай Дәулет» ЖШС 2016 жылдан бері күріш, бау-бақша және мал өсірумен айналысады. 80 адамды тұрақты жұмыспен қамтыған жаңа күріш ақтау зауыты күріш жармасы нарығының ұлғаюына үлес қосуда.

Тағы бір жетістік, өнім сапасы мен қызмет көрсету саласындағы жетістіктері үшін берілетін ТМД сыйлығы бұл жолы Қызылорда облысына бұйырды. «Азық-түлік тауарлар және ауылшаруашылық өнімдер өндірісі» аталымына «Абзал және К» толық серіктестігі лайық деп табылды. Жүлдені Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов табыстады. «Абзал және К» компаниясы жылына 25 мың тонна таза ақталған күріш өндіреді. Оның жартысынан астамы Ресей, Украина, Тәжікстан, Өзбекстан, Монғолия елдеріне экспортқа шығарылады. Компания күріш өндірушілердің үздік үштігінде.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдікалыкова үздіктер қатарынан көрінген Сыр елінің кәсіпкерлерін жеңісімен құттықтап, сәттілік тіледі. Президенттің «Алтын сапа» сыйлығы 2016 жылдан бері үздіктерге табысталай келеді. Осы кезге дейін байқауға еліміз бойынша 2200-ден астам кәсіпорын қатысқан.

● МЕРЕЙ

ҚОС ДАРЫҢҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Бейсенбі күні Қорқыт ата әуежайында «Айтыстың ақтангері», үш мәрте «Алтын домбыра» жеңімпазы Мұқтар Ниязовты жерлері салтанатпен күтіп алды. Елордада Тәуелсіздік күніне арналып өткізілген «Абай тағылымы – Тәуелсіздіктің тірегі» атты республикалық ақындар айтысында жеңіске жеткен жыр дүлділі «Алтын домбыра» сыйлығын алған еді.

Мұқтармен бірге елордадан «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталған айтыскерлер ағасы Серік Ыдырысов пен жақында ғана «Дарын» мемлекеттік сыйлығын алып, жерлерінен

куантқан Күнсұлу Түрікпе-нова да бірге келді.

Әуежайға облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқа-домов мәдениет саласының қызметкерлерімен қатар ай-тыс жанкүйерлері де жетіпті.



ҚР Мәдениет қайраткері Кенжебай Жүсіпов ақынды арнаумен қарсы алды. Ұшақтан түскен жеңімпаздың аяғын жерге тигізбей алқалаған жұрт

ішінен ардагер, руханият жанашыры Сәпен Аңсатов ақ батасын берді.

2-бет

● ШОЛУ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮЛЕТКЕН АУЫЛДАР

«Елден не хабар?» дейтін қалалықтардың ауылға бүйірі бұрып тұрады анық. Ауыл – ұлт құндылықтары тоғысқан алтын бесік. Салт пен дәстүрдің түпкі темірқазығы осында. Береке мен байлықтың бастауы да ауылда. Төрт түлігін түлетіп, егінін өсіріп, шаруасын шайқалтаған ауылдың ажарын айтсақ дейміз. Тәуелсіздік алды, төрт құбыламыз түгелделгелі Сыр өңіріндегі бүтін бір елдің асыраушысы, қайнаған еңбек пен ұлттық руханияттың қайнар көзіндей болған ауылдарға шолу жасаймыз.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

6-бет





ҚОС ДАРЫНҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Мұнан соң облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Мұқтар Ниязов пен Күнсулу Түрікпенді қабылдап, жетістіктерімен құттықтап, ел ықыласын жеткізді.

Мыңжылдық дәстүрлі алтын тінін үзбей, ұлттық өнерді биіктеткен қос дарынның мәдениет пен руханиятқа қосқан үлесі зор. Аймақ басшысы алдымен айтыс пен жыраулық өнердің Сыр өңірі үшін алар орны ерекше екендігін атап өтті.

— Сыр бойы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, «Сыр — Алаштың анасы» деп дәріптеліп келеді. Алты Алашта «Сыр елі — жыр елі» деген сөз, ежелден келе жатқан ұғым бар. Ескіден жеткен есті сөз қазіргі уақытта халықтың бағасына айналды. Киелі өлкеде өнердің саф алтындай өскіні өркендеп,

ақындық пен жыршылықтың алтын тамыры ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді, — деді облыс әкімі.

Өз кезегінде Мұқтар Ниязов бұл Сыр елінің жеңісі екенін, жетістік ел тілегі мен қолдауының арқасында келгенін баса айтты.

— Бір адамның қолынан ештеңе келмейді. Міндетті түрде оған көптің қолдауы, демеуі керек. Осы күнге жетуімізге көптеген адамның ықпалы тиді. Алмас Алматыв ағамыз айтқандай, өнер мұрагер ұрпақтар арқылы жалғасып, жаңа сипатқа ие болады. Біз өз кезегімізде эстафетаны адал жолмен кейінгі буынға тапсырсақ, ұлтқа рухани серпіліс әкеледі деп ойлаймыз, — деді ол.

Өңір басшысының қабылдауынан кейін қос өнер иесі БАҚ өкілдерімен кездесіп, пікірлесті.

1-бет

«СБ» ақпарат

БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСАДЫ

Бейсенбі күні облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Әнуар Омарқожаевпен кездесті.

Аймақ басшысы екіжақты әріптестік үшін алғыс білдіріп, шыны зауытының аяқталуға жақын қалғанын, шыныны өңірде өндіру арқылы экономикалық табыс әкелуге мүмкіндік барын атап өтті. Сондай-ақ, аймақтағы өзге де индустриялық жобаларды дамыту жайы сөз болды.

— Шыны зауыты өңірдегі ірі индустриялық жобалардың бірі саналады. Жобаны жүзеге асыруда белгілі бір қиындықтар болды. Жалпы бірлескен күш-жігердің нәтижесінде жоба аяқталуға жақын қалды. Бүгінгі күні құрылыс жұмыстары 70%-ке аяқталып отыр. Қалған негізгі жұмыс — балкытылған ваннаға арналған жабдықты және қуыру пешін орнату нәтижелі аяқталды деп сенемін. Мен сізге және сіздің әріптестеріңізге нысанның құрылысын соңғы деңгейге жеткізгеніңіз үшін ризашылығымды білдіргім келеді. Жобаны жүзеге асыру барысында туындаған мәселелерді шешуге барынша көмек көрсеттіңіздер, — деді облыс әкімі.

Өз кезегінде басқарма төрағасының орынбасары зауыт құрылысы бойынша жұмыстың жүйелі жүргізілуіне ерекше назар аударылғанын, облыс экономиканы дамытуға қолайлы аймақ саналатынын айтты.

Айта кету керек, шыны зауыты іске қосылса, оның айналасында 8 ілеспе зауыт ашылмақ. Өңірде құрылыс, монтаждау және пайдалануға беру жұмыстарын аяқтау жөніндегі шараларды қамтитын Жол картасы әзірленуде. Сондай-ақ, шыны зауытының айналасында инвесторлармен бірге 4 жобаны жүзеге асыру басталды.

Кездесу соңында облыс әкімі аймақтағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру бойынша ынтымақтастықты жалғастыруға ниетті екенін жеткізді. Ал, басқарма төрағасының орынбасары өңірде инвестиция тарту мәселелері бойынша бірлескен жұмыстарды қолдауға дайын екендіктерін айтты.

«СБ» ақпарат

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЕГІНДІ ӘРТАРАПТАНДЫРУ — ЕРЕКШЕ МАҢЫЗҒА ИЕ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалық етуімен өткен селекторлық мәжіліс «Су тапшылығы жағдайында егін шаруашылығын әртараптандыру» мәселесіне арналды.

СЫДЫРЫС ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Уақыт өткен сайын аграрлық саланың ел экономикасындағы маңызы артып келеді. Аймақ басшысы өңірдің ерекшелігіне байланысты суармалы жер мәселесі қашанда өзекті екеніне назар аударды.

— Аймақтың инженерлік жүйеге келтірілген егін алқаптары алтын қор саналады. Жалпы облыста 236 мың гектар суармалы жердің 178 мың гектары инженерлік жүйеге келтірілген. Жыл сайын 180 мың гектардың үстінде ауыл шаруашылық дақылдары егіледі. Мемлекеттік қолдаудың арқасында салада оң нәтижелер қалыптасып отыр. Биылғы жылдың 10 айында ауылшаруашылығының жалпы өнім өндірісі 128,5 млрд теңгеге жетті. Салаға тартылған инвестиция 10,6 млрд теңгені құрап, 1,9 есеге, тамақ өнімдерін өндіру саласына тартылған инвестиция 1,2 млрд теңгеге жетіп, 1,6%-ке өсті, — деді облыс әкімі. Алайда, аймақ басшысы атап өткендей, кейінгі жылдары су тапшылығы айқын сезіліп отыр. Ендігі жерде егінді әртараптандырудың маңызы зор. Бұл ретте күріштің көлемін тұрақтандырып, оның өнімділігін арттыруға және суды үнемдеуге мүмкіндік беретін басқа дақылдар көлемін ұлғайту міндеті тұр.

Егінді жаңбырлатып, тамшылатып суару және аквагелді пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге ерекше



назар аудару қажет. Мәселен, Жанакорған ауданында «Orbis Agro» компаниясы 3 мың гектар жерде тамшылатып суару арқылы қызанақ, Шиелі ауданында «Тың Өріс» компаниясы 10 мың гектар алқапқа жанбырлатып суару әдісімен жоңышқа, Қазалы ауданында «Рза-Агро» серіктестігі 87 гектарға жанбырлатып суарумен жүгері егуді қолға алды.

Селекторлық байланысқа шыққан «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» басқарма төрағасының міндетін атқарушы Айдын Төреханов Сыр өңіріндегі агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми қолдау бола беретініне сендірді. Ал мәжілісте хабарлама жасаған О.Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты басшысының міндетін атқарушы Бейбіт Сүлейменов облыстың суармалы жерлерінің деградациясы және оларды төмендету жайлы айтып берді. Ол топырақ құрамында фосфор қорының мол болуы бағытында жұмыстар жүргізу



Суреттерді түсірген Бағдат Есханов.

керектігіне назар аударды.

Көкөніс және бақша дақылдарының өнімділігін арттыруда жоғары сорттарын өндіріске енгізу туралы Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының өкілі Сымбат Сағындықова баяндалды. Ғалым пайдаланып жүрген тұқымның 80%-і көршілес мемлекеттерден келетінін, онтүстік облыстардың өзінде тұқым шаруашылықтары жоқ екенін айтты. Институт бұл бағытта жұмыс жүргізіп келеді.

Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығының бас директоры Аманкелді Саданов құнары



төмен тұзды топырақты биологиялық жолмен құнарлылығын арттыру және мал шаруашылығын жоғары сапалы жем-шөп қорымен қамтамасыз ету жөнінде ойын ортаға салды.

Ғалым атап өткеніндей, қазіргі уақытта күрделі мәселелердің бірі — Қазақстанның онтүстігі мен онтүстік-шығысындағы суармалы жерлердің екінші рет тұздануы мен қарашірік мөлшерінің едәуір азаюы. Осыған орай, соңғы уақытта топырақтың экологиялық жағдайын жақсартудың және екінші рет тұзданған топырақты қалпына келтірудің бірден-бір тәсілі ретінде —

ЖОБА

Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2004 жылғы 5 тамыздағы № 104 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

Тізілімінде 3945 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» газетінде 2004 жылғы 7 қыркүйекте және «Қызылординские вести» газетінде 2004 жылғы 27 тамызда жарияланған);

2) «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 96 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

Тізілімінде 7631 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 9 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған);

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г.ӘБДІҚАЛЫҚОВА

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ИГІЛІКТІ АРТТЫРАДЫ

Экономиканы дамыту үшін тікелей инвестицияға басымдық беру маңызды. Өйткені инвестиция — кез келген экономиканы алға жылжытушы. Бұл туралы облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың жетекшілігімен өткен инвесторларды тарту және инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі өңірлік кеңестің отырысында айтылды.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Аймақ басшысы атап өткендей, биыл өңірде 230 миллиард теңге инвестициялық қаражат тарту жоспарланған. 11 ай қорытындысы бойынша 239,4 млрд теңге инвестиция тартылды.

— Президент Жолдауынан туындайтын негізгі міндеттердің бірі — әлемде қалыптасқан жаңа ахуалға қарамастан елге инвестиция әкелу. Үкімет пен облыс әкімдігі арасындағы меморандумға сәйкес біздің облысқа биыл 230 млрд теңге инвестиция тарту межесі бекітілген болатын. Жыл соңына дейін жоспарды артығымен орындаймыз. Сонымен бірге «Облыстың 2023 жылға дейінгі экономикалық даму» жоспарында 265 инвестициялық жоба қамтылды. Жоспар аясында биыл 28 млрд теңге инвестицияны игеру және 110 жобаны іске қосу жоспарланды. Бүгінгі күні оның 89-ын іске қостық, — деді облыс әкімі.

Әрі қарай кеңес отырысында 5 мәселе қаралды. Өңірдің бірқатар қаржы институттарының 2020 жылғы

жұмыс қорытындысы және 2021 жылға арналған жоспары туралы есебі тыңдалды. Қызылорда облысы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ директоры Ерлан Түктібаев пен «Халық банк» АҚ аймақтық филиалының директоры Алмат Данкенов облыста 47 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектілері жұмыс істейтін, бұл республика бойынша ШОБ субъектілерінің жалпы санының 3,5 процентін ғана құрайтынын айтты. Бұл нысандарда 92 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Жәнілетілген несие беру бағдарламасы аясында жыл басынан бері облыста жалпы сомасы 3,9 миллиард теңгеге 1068 жоба қаржыландырылған. 1 қарашадағы жағдай бойынша жалпы сомасы 51 миллиард теңгеден асатын несие қолдау тапқан. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» бағдарламасы аясында 1 миллиард теңге сомасына 127 кәсіпкер қаржыландырылды. «Даму»

кәсіпкерлікті дамыту қорының» облыстық филиал директоры Ерлан Түктібаев осыны алға тарта отырып, пандемия уақытындағы күрделі жағдайға қарамастан, негізгі көрсеткіштер мен жобаларды қолдау бағытындағы жұмыстар былтырғы межеден төмен еместігін атап өтті.

Шиелі ауданындағы «Балауса фермасы» серіктестігінің Бала-Сауыс-кандық кен орнындағы қара тақта тастарды автоклавын өңдеу жобасы қаралды. Серіктестік директоры Андрей Кузнецов мұнай нарығындағы ахуал мен пандемияға сәйкес жобаны ілгерілету жұмыстары кешігіп жатқанын алға тартып, кен өндірудің жоспарланған көлемін бірнеше жылдарға ауыстыру мәселесін қозғайды. Жыныда облыс әкімі жобаның баяу жүріп жатқанын және кезеңдік жұмыстардың тек бірінші кезеңі ғана іске асқанын назарға салды. Егер жоба әрі қарай баяу қарқынмен жүретін болса, жобаның экономикалық маңыздылығын ескере отырып, жер қойнауын пайдаланушыны ауыстыру мәселесі қаралатынын қаперге салды.

Сондай-ақ, облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев келер жылға жоспарланған инвестициялар көлемінің игерілуін бақылауды және келісім-шарттық міндеттемелер орындалмаған жағдайда қатты пайдалы

қазбалар бойынша тиісті ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Басқосуға Жанакорған ауданындағы «Абдулла» шаруа қожалығының «Бройлер өсіру және тауық етін өңдеу бойынша құс фермасы» жобасы да шет қалмады. Қожалық директоры Әбілхан Тәжімбетов ферма құрылысы 2021 жылдың қыркүйек айында іске қосылатынын баяндалды. Облыс әкімі өңір халқының құс өнімдеріне қажеттілігі жылына 13,6 мың тонна құраса, қазір қажеттіліктің небәрі 3% ғана қамтылатынын еске салды.

— Егер де құс фабрикасының жобасы іске қосылса, өңірдегі құс етіне қажеттілікті 3%-тен 33%-ке дейін арттыруға мүмкіндік бар. Бұл ретте облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердауси Қожабергеновқа жобаға қажетті инженерлік инфрақұрылым жеткізу мәселесін «Бизнестің жол картасы — 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында қарастыру үшін жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеуді тапсырамын, — деді облыс әкімі.

Мұнан бөлек, кеңесте Шиелі ауданындағы «Мөлдір және К» серіктестігінің «Құс фабрикасын кеңейту» жобасы қаралды. Кәсіпорын 2016 жылдан бері жылына 15 мың дана жұмыртқа өндірумен айналысып келеді. Жалпы облыстың жұмыртқаға

қажеттілік көлемі жылына 179,1 мың дананы құрайды. Өндіріс орны халық сұранысының маусымдық жағдайға байланысты 4,8 бен 8,3% аралығында қамтып отыр. Аймақ басшысы тиісті сала басшыларына құс өндіру жобаларын мемлекеттік қолдау шараларын алу үшін Өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізу жұмыстарын жүргізуді, мемлекеттік қолдау шарасы ретінде жер телімін бөлу мәселесін қарастыруды жүктеді.

Кенестің күн тәртібіндегі соңғы мәселе — «Дана қварі» серіктестігінің «Айна өндіру» инвестициялық жобасы. Кәсіпкер Мамадияр Қалырбеков келесі жылы іске қосылатын шыны зауытының айналасында шыны өндіру арқылы шикізат алу және жаңа технологияны енгізуді қолға алатынын, жобаны «Байқоңыр» ӨҚК» акционерлік қоғамымен бірлесіп жүзеге асыруды жоспарлап отырғанын жеткізді. Облыс басшысы тиісті басқарма басшыларына жобаны Өңірлік үйлестіру Кеңесінің қарауына шығарып, Қартаға енгізуді, жоба бастамашысымен бірлесіп, жердің рәсімделуін бақылауға алып, қаржыландыру мәселесін пысықтауды тапсырды. Сондай-ақ, барлық жобалардың тиімділігіне сараптама жасау және кәсіпкерлерге жұмысты ширату қажеттігін айтып, берілген тапсырмалардың орындалуын бақылауды орынбасары Нұрлан Тілешевке жүктеді.

Кеңес отырысы

Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазмедиа орталығында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің отырысы өтті. Алқалы кеңеске аймақ басшылары – ҚХА төрағалары онлайн режимде қатысты.

Күн тәртібінде Тұңғыш Президент – Елбасы, ҚХА Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бейбітшілік пен келісім саясатын жүзеге асыру мәселелері, сондай-ақ еліміздің Тәуелсіздігін нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі қарастырылды.

Шара барысында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 25 жыл толуына орай, ел бірлігі мен ұлтаралық татулықты нығайтуға қосқан үлесі үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі, облыстық мәслихат хатшысы Қылышбай Бисеновке «Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл» мерекелік медалін табыстады.

Сондай-ақ отырыста ҚР Конституциялық заңының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 87-бабы және ҚР Заңының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» 10-бабына сәйкес, ҚХА Кеңесі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына Ассамблеядан сайланатын 9 үміткерді ұсынды.

БАЙҚАУ

«Парасатты отбасы»

М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжінде облыстық білім басқармасы мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің бірлесуімен «Парасатты отбасы» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Жиынға облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, департамент басшысы Ардак Ерсейітов, білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова қатысып, отбасы құндылығының маңыздылығы туралы ой бөлісті.

Парасаттылықты насихаттау, отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты өскелең ұрпақ бойына сіңіру құндылықтарын көздеген іс-шара өзіндік мазмұндылығымен табылды.

Сонымен, «Парасатты отбасы» байқауының III орнын Арал ауданынан Әбдіжалеловтер отбасы иеленсе, II орын Шиелі ауданынан Әбдірахмановтарға бұйырды. Ал, Қазалы ауданынан Аскаровтар отбасы I орынды жеңіп алды. Сондай-ақ, бірнеше отбасы арнайы номинациялармен марапатталды.

«СБ» ақпарат

СЕССИЯ

АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезекті 51-ші сессиясы өтіп, онда аймақ басшысы сөз сөйледі.

СЫ Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

– Бүгін біз сіздермен бірге облыстың 2021-2023 жылдарға арналған кезекті үш жылдық бюджетін талқылап, бекітетін боламыз, – деді облыс әкімі. – Коронавирус пандемиясының әлі де болса күшейіп жатқаны ескеріліп, 2021 жылы да індетпен күресу және алдын алу шаралары жалғасады. Бұл тұрғыда өңір бюджеті басқа да сыртқы және ішкі факторларға, әсіресе ұлттық валютаның әлсіреуіне, минералдық ресурстар бағасының, мұнай өндірудің, бизнестің инвестициялық белсенділігінің төмендеуіне қарай әсер етеді.

Аймақ басшысы және атап өткендей, пандемияға байланысты республикалық бюджеттің кіріс бөлігінің азаюы болжамдануына сәйкес жергілікті бюджеттерден республикалық бюджетке 200 млрд теңге көлемінде ағымдағы нысаналы трансферттерді қайтару қарастырылуда. Бұл тұрғыда Қызылорда облысының қайтару үлесі 9,3 млрд теңгені құрап отыр. Осы жағдайларға қарамастан, бұған дейін айтылған барлық міндеттемелердің орындалуы қамтамасыз етіледі.

– Ұсынылған жобада республикалық бюджеттен берілген трансферттерді қоса есептегенде 2021 жылға облыстық бюджеттің көлемі 411,5 млрд теңгені құрайды, яғни, 2020 жылмен салыстырғанда 144 млрд теңгеге ұлғайып отыр, – деді ендігі сөзінде облыс әкімі.

2021 жылғы бюджетті қалыптастыруда негізгі басымдықтар әлеуметтік сала, инвестициялық жобаларды қаржыландыру бойынша бюджеттің барлық борыштық міндеттемелерін өтеу, мемлекеттік бюджетті оңтайландыру, агро-өнеркәсіп кешенін субсидиялау мен шағын бизнесті несиелендіру, эпизоотияға қарсы іс-шараларды іске асыру және табиғатты қорғау іс-шараларын жүргізу, төтенше жағдайлардың алдын алу, сондай-ақ өңірде қоғамдық қауіпсіздікті қолдау шаралары болады. Келер жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы шеңберінде даму бюджетіне 10 млрд теңге қосымша қаржы бөлу жоспарлануда.

Мұнан кейін облыс басшысы облыс мәслихатының 5-ші және 6-шы шақырылымдарының депутаты Аманкелді Арыспаевтың қызмет бабымен басқа өңірге ауысып жатқанын хабарлап, оның өңір дамуына лайықты үлесі мен депутат ретінде халықтың әл-ауқатын жақсартуда атқарған нәтижелі еңбегі үшін облыстың Құрмет грамотасымен марапаттады.

Күн тәртібіне сай мұнан әрі облыстық мәслихаттың жыл көлемінде атқарған жұмыстары бойынша мәслихат хатшысы



сы Қылышбай Бисеновтың есебі тыңдалды.

Мәслихат хатшысы есепті кезеңде алтыншы шақырылған облыстық мәслихаттың 14 сессиясы (5-і кезекті, 9-ы кезектен тыс) өткізіліп, жалпы саны 167 шешім қабылданғанын атап өтті. Бұл шешімдер уақытылы облыстық әділет департаментіне және тиісті органдарға жолданған. Бүкіл-әлемдік пандемияның салдарынан 4 сессияны онлайн режимде өткізуге тура келген. Облыстық мәслихаттың жалпыға бірдей міндетті маңызы бар 26 шешімі әділет органында мемлекеттік тіркеуден өтіп, бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланды.

Қ.Бисенов өз сөзінде мәслихат аппараты сессияда қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы мәліметтерді жинақтап, депутаттарды дер кезінде ақпараттандырып тұратынын жеткізді. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы 2019 жылы қабылданған мәслихат шешімінің орындалу барысын және атқарылған жұмыстармен танысу мақсатында Райкүл Байназарова бастаған облыстық мәслихат депутаттары барлық аудандарда болып жұмыс жүргізді. Депутаттар мүмкіндігі шектеулі балалардың арнайы балабақшалар, мектептер мен жалпы білім беретін мектептердегі жабдықталған инклюзивті кабинеттердің жай-күйімен танысып, мәслихат шешімінің оңтайлы қабылданып, жүзеге асырылып жатқандығын көрді.

Жылдық бюджет тиісті аумақты басқарудағы негізгі құжат саналатындықтан, жыл бойы түрлі себептерге байланысты оны нақтылап отыру қажеттігі туындайтынын айтқан мәслихат хатшысы нақты деректерді сессияға қатысушылар назарына ұсынды.

Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 12 желтоқсандағы 40 сессиясында бекітілген «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне ағымдағы

жыл ішінде (қантар-желтоқсан айларына дейін) 6 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп нақтыланды. Осы нақтылаулардың нәтижесінде 2020 жылға арналған облыстық бекітілген бюджет 267,5 млрд теңгеден 1 қарашадағы жағдай бойынша 328,5 млрд теңгеге дейін көбейтіліп немесе 22,8%-ке өсті. 2020 жылы облыстық бюджеттен әлеуметтік салаға 96,8 млрд теңге бөлініп, 29%- құрап отыр.

– Алтыншы шақырылған облыстық мәслихат депутаттары тарапынан 2020 жылға әзірленген ұсыныс-пікірлер мен проблемалық мәселелер бойынша қаржысы 54,1 млрд теңгені құрайтын 222 сұрақ түсіп, оған талдау жасалып, шешімін табуы үшін атқарушы органға жолданды. Келіп түскен 222 сұрақтың 85-іне 28,3 млрд теңге қаржы бөлініп, барлық сұрақтардың 38%- шешімін тапты. Қалыптасқан дәстүрге сәйкес, депутаттар тарапынан айтылған ұсыныстарға талдау жасалып, атқарушы билікпен бірлесіп республикалық бюджет есебінен шешуге ұсынылған құны 17,3 млрд теңгенің 24 мәселесі нақтыланды. Сонымен қатар, жобалау-сметалық құжаттардың мерзімі 2020 жылы өтіп кететін құны 2 млрд теңгенің 13 мәселесі, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде жүзеге асыруға ұсынылған құны 9,9 млрд теңгенің 24 мәселесі белгіленді. Ал облыстық, қалалық, аудандық бюджеттердің мүмкіншілігіне қарай кезең-кезеңімен шешуге ұсынылған құны 20,6 млрд теңге тұратын 137 мәселе бойынша жұмыс жасау ұсынылды, – деп атап өтті Қ.Бисенов.

Жылдық есепте сондай-ақ тұрақты комиссиялар жұмысына мән берілді. Тұрақты комиссияның кеңейтілген отырысында «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» мәселе депутаттар және тиісті атқарушы органдар басшыларының қатысуымен екі айға жуық уақыт талқыланып, бүгінгі сессияда шешім қабылданғаны айтылды.

Жалпы мәслихаттың негізгі жұмыс қағидасы оның ашықтығында. Депутаттар сайлаушылармен тұрақты түрде байланыс орнатып тұрады. Олардың жеке қабылдау кестелері ақпарат құралдарында, мәслихат сайтында, қоғамдық қабылдау бөлмелерінде жарияланған. Депутаттар жұмысы облыстық телеарнаның «Мәслихат» хабарында және мерзімдік басылымдарда тұрақты жарияланады.

Қылышбай Алдабергеновты және атап өткеніндей, халық қалаулылары әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына үнемі демеушілік көрсетіп келеді. Мәселен, «Біз біргеміз» акциясына үлес қосқан депутаттар әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарға осы жылдың 9 айында 32,850 млн теңгеден астам қаржылық көмек көрсетіп, 1744 отбасын азық-түлікпен қамтамасыз еткен. Облыстық мәслихат депутаттарының бір тобы облыстық, аудандық ауруханаларға барлығы 33 оттегі конденсаторын алып берген.

– Әріптестеріміздің көмегі ем алып жатқан жандарға үлкен демеу болды. Қиын кезде елмен бірге болған депутаттарға сайлаушылар ризашылығын білдірді. Бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде жарияланып жатса, кейбір әріптестеріміз жариялылықты қаламай, демеушілік жұмыстарын осы уақытта да жүргізіп келеді, – деді мәслихат хатшысы.

Сөз соңында Қ.Бисенов сайлаушылар аманатын орындап, мәслихаттың қоғам алдындағы абыройын көтеріп, лайықты еңбек етіп жүрген әріптестеріне шынайы алғысын жеткізді.

Сессия барысында депутаттар қоғам қайраткері Сейітсұлтан Әйімбетов пен эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатырұлына «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағын беру туралы ұсынысты қолдап, дауыс берді.

Мұнан соң күн тәртібінде белгіленген өзге де мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды.

САЙЛАУ-2021

Үгіт-насихат басталды

Партиялық тізімді аумақтық сайлау комиссияларына ұсыну мен тіркеу аяқталды. Нәтижесінде өңірде мәслихат депутаттығына 379 кандидат тіркелді. Сондай-ақ, сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстары басталды.

СЫ Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев мәлімдеді.

– Мәслихат депутаты болып сайлану үшін партиялық тізімге енгізілген адамдардың Конституция мен «ҚР Сайлау туралы» заң талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізілді. Сондай-ақ, үміткерлер ресми түрде үгіт-



насихат жұмыстарына кірісті. Айта кетейін, додаға 5 партия түсуде. Партиялық тізім бойынша депутаттыққа үміткер ретінде 379 кандидат тіркелді.

Сонымен қатар, кандидат пен оның зайыбының декларацияда көрсеткен кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру мемлекеттік кіріс органына жолданды, – деді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы.





● СҰХБАТ

ТЕҢІЗДІ ӨҢІРДЕГІ ӨРЕЛІ ІСТЕР

– Мұхтар Әуесұлы, облыс орталығынан шалғай орналасқан теңізді аймақтың биылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері қандай? Жыл парағы қандай жақсы істермен жабылғалы тұр?

– Дұрыс айтасыз, жылды қорытындылайтын уақыт та жақын қалды. Статистикалық деректерге көз жүгіртіп, жеткен жетістіктерімізді саралайтын болсақ, аудан дамуында оң динамика байқалады. Нақты айтқанда, жыл басынан бері 10,7 млрд теңге инвестиция тартылған. Аудан бюджетінің нақтыланған жалпы түсімі 22,9 млрд теңгені құраса, төртінші деңгейлі бюджеттің енгізілуіне байланысты дербес бюджеті бар 24 қала, кент және ауылдық округ бюджеті 2,7 млрд теңгені құрады.

Жыл басынан бері өнеркәсіп орындары 13,3 млрд теңгеден артық өнім өндірсе, агроөнеркәсіп кешеніндегі жалпы өнім көлемі 10,1 млрд теңгені құрап отыр. Құрылыс саласында барлығы 2,7 млрд теңгені құрайтын 17 жоба іске асырылуда. Бұл бірлік пен сабырға жүгінген аудан халқының несібесі деп білеміз.

– Сәлемдесуді мал-жанның амаңдығынан бастайтын ағайынға ауыл шаруашылығы саласы тоңның ішкі бауындай жақын екені белгілі. Аралдың табиғаты мал шаруашылығына қолайлы. Ендеше осы саланың қазіргі жағдайына тоқталып өтсеңіз.

– Агроөнеркәсіп кешеніндегі жалпы өнім көлемі 8,2 млрд теңгені құрап, былтырғымен салыстырғанда 102 процентке артты. Зер салсақ, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ірі кара, жылқы, түйе, қой мен ешкі басы өскені байқалады. Ауданда 26 заңды тұлға мен 856 шаруа қожалығы бар. Оның ішіндегі 7 ауыл шаруашылығы құрылымы асылтұқымды мал өсірумен айналысады. Сондай-ақ, 1 акционерлік қоғам, 26 кооператив, 14 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 1 мемлекеттік мекеме жұмыс істейді және 849 шаруа қожалығы тіркелген.

Мал шаруашылығы өнімдері де көбеюде. Қазір 7 асылтұқымды ірілендірген шаруашылық бар. Олардың ішінде 2 шаруашылық қазықтең ақбас сиыры тұқымын өсірумен айналысса, 4 шаруашылық асылтұқымды қазақ жылқысына, 1 шаруашылық «Мұғал-жар» тұқымды жылқы және қос өрнекті (бактерия) түйе өсірумен айналысады. Оған қоса, «Берекет», «Ықылас» шаруа қожалықтары асылтұқымды «Қазатқын ақбас сиыры» тұқымын өсірумен айналысады. «Берекет» шаруа қожалығында 450 бас, «Ықылас» шаруа қожалығында 500 бас асылтұқымды ірі кара бар. Шаруашылықтар жыл сайын барлық аудандарға және ауылдарға 80-100 басқа дейін ақбас сиырдың бұқашығын сатып келеді.

Биыл Жінішкекұм ауылдық округіндегі «Ажигүлов Зинет» шаруа қожалығы Арал қаласындағы «Арал ырысы» кредиттік серіктестігі» ЖШС-дан 16 млн теңге несие алды. Ақтөбе облысы, Мартөк ауданындағы «Есбөл» шаруа қожалығынан сүт бағытындағы 50 бас асылтұқымды «Қрасная степная» сиырын және 2 асылтұқымды бұқа әкеліп, шаруасын дөңгелентіп отыр.

– Халықтың тұрмыс-тіршілігіне баға тұрақтылығының тигізер әсері баршаға аян. Осы бағытта қандай жұмыстар атқарылуда?

– Бағаны тұрақтандыру мәселесі қай кезде де басты назарда. Бұл ретте әлеуметтік маңызы бар 19 түрлі негізгі азық-түлік бағасына үнемі мониторинг жүргізілуде. Соның ішінде нан бағасын тұрақтандыру мақсатында «KZ-MBK» ЖШС ұн тарту комбинаты, 1-сұрыпты «Аралымы» ұнын келісі 130 теңгеден (1 қабы 6500 теңгеден) наубайханаларға ұсынуда. Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласында 1 рет, Қызылорда қаласында 3 рет және аудан орталығында 8 рет барлығы 12 мәрте ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізілді.

– Экологиялық сауықтыру бағытында қандай жұмыстар бар?

– Осы жылы республикалық бюджеттен «Көкарал бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің арнасын қалпына келтіру» жобасының құжаттарын әзірлеуге тиісті қаражат бөлінді. Бүгінде тиісті жұмыстар атқарылуда. Биыл Жанакұрылыс ауылдық округіндегі «Нұралы» жарма қаналының экологиялық жағдайын және сумен қамтамасыз етілуін жақсарту үшін су тоспасын салудың жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге облыстық бюджеттен қаржы қа-

Жылдан жылдың жүгі ауыр. Өтіп бара жатқан жылдың өзіне тән қиындығы, ерекшелігі болғаны баршаға белгілі. Шартарапты дүрбелеңге салған кесел салқыны Арал аймағына да тиді. Бұған дейін де сан мәрте сынаққа төтеп берген теңіз перзенттері сыр бермеді. Мұндағы сан саланы қамтыған тіршілік тіні қалыпты тарқатылуда.

Газет тілшісінің Арал ауданы әкімі Мұхтар Оразбаевпен жасаған сұқбатында теңізді өлкедегі тындырылған толымды тіріліктер, алдағы уақытта межеленген жұмыстар көпшілік назарына ұсынылып отыр.

ралып, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Оған қоса, Бекбауыл ауылдық округіндегі «Кенесарық» каналына су тоспалары салынып, тазалау жұмыстары толығымен аяқталды. Бөген ауылдық округіндегі «Домалак» каналының жер актісі, техникалық құжаттары және бағалау жұмыстары құжаттандырылуда.

– Арал десе көз алдымызға шалқыған теңіз, тайдай тулаған балық елестейтіні анық. Бүгінде Аралдың балығы бірнеше шет мемлекеттермен қатар, Еуропа елдеріне дейін экспортталып жатыр. Балық шаруашылығы саласындағы тың жаңалықтарды бөлісе отырсаңыз?

– Қазір балық шаруашылығы ауыл шаруашылығының маңызды буыны болып қалыптасты деп толық айта аламыз. Балық шаруашылығы өңір экономикасының дамуына және халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, оларды жұмыспен қамтамасыз етуде маңызды болып отыр. Себебі, Арал теңізі мен Сырдария өзенінің жағасында тұратын жергілікті халықтың өмірі мен тұрмысы балық аулаумен тығыз байланысты.

Ауданда балық аулау көлемі жыл сайын артуда, 2000 жылмен салыстырғанда 20 есеге өсіп, қазір 400-ден 8000 тоннаға жетті. Аудан аумағында Кіші Арал теңізінің 18 учаскесі, Сырдария өзені және 20 көл бар. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы Арал инспекциясы бөлімінің мәліметі бойынша қазан айының 1-іне дейін ауланған балық 4450 тонна болса, аудандық статистика басқармасының жедел мәліметі бойынша өңделген балық 4372 тоннаны құраған.

Аулау көлемінің өсуі өңдеу саласының дамуына мүмкіндіктер жасады. Балық шаруашылықтары мен өңдеу кәсіпорындарында мыңдаған адам жұмыспен қамтылды. Ауданда жылдық қуатты 19900 мың тоннадан асатын 8 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді.

Таратыңқырап айтсақ, «Арал балық өңдеу зауыты», «Арал СДО», «Камбала балық балықшылар өндірістік орталығы», «СДО Қарашалан» ЖШС-нің балық өңдеу зауыттары терең өңдеумен, «Ар-М-Кон», «Бөген СДО», «Қуаныш», «Жалғасбай» шағын зауыттары қатыру, мұздату және ыстау сияқты жеңіл өңдеумен айналысады.

Еуропа нарығына шығуға мүмкіндік беретін Еврокод белгісі екі кәсіпорында – «Арал балық өңдеу зауыты» ЖШС мен «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС-да бар. Биыл Ақбасты елді мекенінде екі бірдей балық цехы іске қосылды. Оның бірі 100 тоннаға дейін ауланған балықты сақтаса, екінші сәуіріне 40 дана балық консервісін дайындауда. Қазан айындағы мәліметке сәйкес 1807 тонна балық өнімдері Ресейге, Польша, Қытайға, Германия, Грузия елдеріне экспортқа шығарылды.

Аудан орталығынан 120 шақырым қашықтағы Қосжар ауылындағы «Қамыстыбас» питомнигі мен оның «Тас-так» учаскесінде балық өсіруге арналған арнайы инкубациялық цехтар бар. Облыс көлемінде табиғи су айдындарының балық қорын көбейту мақсатында республикалық бюджеттен жыл сайын Кіші Арал теңізіне, «Ақшатау» көлдер жүйесі мен «Приморский», «Қамыстыбас» көлдер жүйесіне осы «Қамыстыбас балық питомнигі» РМК арқылы 14 млн 800 мың дана бір жылғы шабақ және 420 мың екі жылғы шабақ өсірілуде.

Аулау мен өңдеуден бөлек балық өсіру бағытындағы жобалар бар. Мәселен, «Арал теңізі» балықшылар қоғамдық бірлестігінің бастамасымен балық қорын көбейту мақсатындағы жоба жемісін берді. «Ғаламдық экологиялық қордың» қаржылай қолдауымен Ақшатау ауылында көлемі 16х30 метр болатын инкубациялық цех салынды. Бұл цехқа Ресейден әкелінген УЗВ (тұйықталған сумен қамтамасыз ететін балық өсіру қондырғысы)

аппараттары қондырылды. Жобаның жалпы құны 26 млн теңгені құрайды. Жоба авторы «Арал теңізі» қоғамдық бірлестігінің директоры Айнагүл Баймаханова. Серіктестері – «Жамбыл» өндірістік кооперативі, жеке кәсіпкер Төребек Игілікөв. Бірлес атқарылатын жұмысты орындаушы – «Қазалы Оазис» қоғамдық бірлестігі.

Өткен жылы ашылған цехтан биыл 40 миллион дернәсіл су айдындарына жіберілді. Олардың 23 миллионы тісті болса, қалғаны – қарп балығы. Атап өту қажет, цехта балық қолдан ұрықтандырылып, одан шыққан ұылдырық дернәсілге айналып, түйықтандырылған бассейндерде жаз бойы қоректендіріледі, су айдындарына жіберіледі.

– Кәсіпкерлікті дамытуда теңіз төскейінде қандай жұмыстар атқарылуда? Жалпы кәсіпкерліктің сандық және сапалық даму деңгейі қалай? «Кәсіп ашамын, бизнес жасаймын» деген азаматтардың белсенділігі, оларды қолдау жағы қалай?

– 1 қарашадағы мәлімет бойынша аудандағы шағын және орта бизнес субъектілері 4150-ді құрады. Оның ішінде жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 3640-қа, яғни 87,7%-ке жетті.

Өз кәсібін ашуға ынталы жандар баршылық. Кәсіпкерлерді мемлекет тарапынан несиелендіру жұмыстары да бөтен емес. Атап өтсем, өңірде барлық қаржы институттары арқылы 774,9 млн теңгені құрайтын 123 жоба несиелендірілді. Сондай-ақ, жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған 200 АЕК көлеміндегі қайтарымсыз гранттық қаржыландыру («Еңбек» бағдарламасы) жобасы бойынша 314 адамға 172,6 млн теңге, инновациялық тұрғыдағы (БЖК-2025 бағдарламасы) 2 бизнес жобаға 4 млн теңге көлеміндегі қолдау көрсетілді.

Жыл соңына дейін қаржыландырылатын жобалар бар. Сонымен қатар «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 246 азамат, «Бизнес кеңесші» бағдарламасы бойынша 46 адам оқудан өтті.

Индустрияландыру бағдарламасы аясында құны 101,8 млрд теңгені құрайтын, іске қосылғанда 1389 азаматты жұмыспен қамтитын 6 жоба жүзеге асырылуда.

Оның ішінде «Арал» сервистік дайындау орталығы» ЖШС «Тауарлы балықты өсіру және тереңнен өңдеу кешенін кеңейту» жобасының 1-кезеңі бойынша Арал қаласында орналасқан цех және 4-кезең бойынша Бөген ауылдық округіндегі мұздату цехы, жатақхана пайдалануға беріледі. «Қазақстан Аквакультура ЛТД» ЖШС-ның «Балықты тереңнен қайта өңдеу зауыты мен пластикалық қайық жасау цехын салу» жобасы жақын арада іске қосылады деп күтілуде.

Сондай-ақ, «Аралтұз» АҚ-ның «3-Испан цехын салу»(жоба құны – 3 млрд теңге) және «Qazaq Camel» ЖШС-нің «Түйе сүтінен құрғақ ұнтақ дайындау цехы» (Жоба құны 1,5 млрд теңге) жобаларының құрылыстары басталды. Олар 2021 жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде. Мұнымен қатар, «Дана Кварц» ЖШС-ның «Арал ауданында кварц құмын тау-кен байыту комбинаты» жобасы толық қуатылықта іске қосылады деген жоспар бар.

Аудан аумағынан өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік көлік дәлізі бойынан 4 жол бойы сервистік нысаны қызмет көрсетіп келсе, бұған қосымша жеке кәсіпкер Т.Жалғасбекөвтің бастамасымен «С» және «Д» санатындағы жол бойы сервистік қызмет көрсету кешені осы желтоқсан айының ішінде жолаушылар игілігіне берілмек.

– Қала келбетінен біршама өзгеріс байқалады. Аудандағы құрылыс саласындағы жұмыстарға тоқтала кетсеңіз.

– Биылдың өзінде құрылыс саласы

бойынша 17 жоба іске асырылды. 250 орындық оқушылар үйінің, бес елді мекенде биотермиялық шұңқырдың, Шижаға елді мекеніндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы, аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және хал актілерін тіркеу бөлімі ғимаратын жаңғырту жұмыстары, Шөміш, Қарашалан елді мекенінің ішкі су желісін кеңейту және қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды. Сексеуіл кентіндегі 300 орындық мектеп пен 40 төсектік аурухана, Арал қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған полигон, Арал қаласы №1 шағын ауданына су желісін тарту, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Жақсыкылыш кентіндегі «Спорттық сауықтыру кешені» мен №19 орта мектебіне 100 орындық қосымша жапсаржай салу қарқынды жүргізілуде.

Тұрғын үй мәселесін шешу бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Облыстық бюджет есебінен небәрі алты айдың ішінде 1 қабатты 4 пәтерлі 10 тұрғын үй құрылысы жүргізіліп, жергілікті кәсіпкерлер – «Арал су құрылысы» және «Наурыз құрылыс» ЖШС мерзімінде сапалы орындап шықты.

– Тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету қаншалықты деңгейде?

– Арал ауданында 49 елді мекен бар. Осы елді мекендердің 38-і орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтылса, 10 елді мекен (Абай, Тоқабай, Жінішкекұм, Ерімбетжаға, Күршек, Сазды, Көктем, Құланды, Ақбасты, Мойнак) орталықтандырылмаған көздер (скважиналар) арқылы және 1 елді мекен (Тастүбек) тасымал арқылы ауыз сумен қамтамасыз етілген.

Өздеріңізге белгілі, ҚР Премьер-министрі А.Мамин мақұлдаған елді мекендерді 2023 жылдың соңына дейін сапалы ауызсумен жабдықтау жөніндегі Жол картасына сәйкес, барлық елді мекендерді ауызсу жүйесіне қосу жоспарланған. Жоғарыда атап өтілгендей, биыл Шөміш, Қарашалан елді мекендері мен Арал қаласындағы №1 шағын ауданы ауызсу жүйесіне қосылды. Осыған сәйкес 2018 жылы «Тоқабай-Абай», «Қосаман-Ақбасты» жобасы әзірленіп, республикаға ұсынылды. Аталған екі жоба алдағы 2021-2022 жылдары жүзеге асырылады деп күтілуде.

– Қазір «Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Бұл тұрғындардың жұмыспен қамтылуына да септігін тигізуде. Осы бағытта қандай нәтижелі жұмыстар бар?

– Арал ауданында «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» шеңберінде 16 жоба іске асырылуда. Олардың 6-ы аудандық бөлімдер арқылы, 10 жоба облыстық басқармалар арқылы қаржыландырылуда. 616 жұмыс орнын ашу жоспарланса, қазір 651 адам (105,7%) бағдарлама шеңберінде жұмыспен қамтылды. Арал қаласында орналасқан екі бірдей колледж күрделі жөндеуден өткізілуде. Екі білім ошағының да маман дайындауда маңызы зор.

Арал кәсіпалы колледжінің оқу ғимараты 3 қабатты, 1980 жылы салынған. Негізгі 360 оқушыға арналған. Оқу корпусының іргетасы біртұтас бетон, сыртқы, ішкі күрделі қабырғалары қыштан салынған. Ал, колледждің жанындағы зертхана ғимараты 1975 жылы қамыстан тұрғызылған. Осы нысанның күрделі жөндеу жұмысына «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы арқылы республикалық бюджеттен қаржы бөлінді. Күрделі жөндеу жұмыстарын «Абзал Проект Консалтинг» ЖШС қалыпты деңгейде жүргізуде. Құрылыста 125 адам жұмыспен қамтылып отыр.

Арал индустриалды-техникалық колледжі болса, өткен ғасырдың сексенінші жылдары аудандағы кеме жөндеу зауытының теңгеріміне асхана ретінде салынған. 2003 жылы колледж

балансына алынып, оқу корпусы ретінде қайта жабдықталған.

Ғимарат екі қабатты, сәуір айында мемлекеттік сатып алудың арнайы тәртібі арқылы конкурс жарияланған болатын. Жөндеу жұмыстарын «Самат-Мұнай» ЖШС жүзеге асыруда, 60 адам жұмыспен қамтылып отыр. Сонымен қатар, Арал қаласында орналасқан архив ғимараты жөндеуден өткізілуде. «РБ-Строй» ЖШС жүргізіп жатқан жөндеу жұмыстарында 24 адам жұмыспен қамтылған.

– Жол қатынасы – экономиканың құрметтары. Аудан көлемінде жол салу жұмыстары қаншалықты жүргізілуде?

– Биыл аудан тарихында бұрынсоңды болмаған қарқынмен Арал қаласындағы 33 көшеге жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. 22,32 шақырымды құрайтын 33 көшеге, оның ішінде 28 көшенің жолына (17,42 шақырым) асфальт жабындысы, ал 5 көшеге (4,9 шақырым) кийіршық тас төселді. Сондай-ақ, Жетес би ауылдық округіне қарасты Ескіүре елді мекенінің кіреберіс жолы жөндеуден өткізілді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Жақсыкылыш кенті көшелерін орташа жөндеуге тиісті қаржы бөлінді. 18 көшені жөндеуден өткізу үшін мемлекеттік сатып алу жүргізілді.

«Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша Тоқабай елді мекеніне кіреберіс автожолының 1,2 шақырымы жөндеді, қалған бөлігі келесі жылы жалғасады. Жолдарды күрделі және орташа жөндеу бойынша облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға 4 жоба жүзеге асырылуда. Өткен жылы басталған 4,9 шақырымды құрайтын «Ақлак-Қаратерен» автожолының 2,5 шақырымы жөндеуден өткізілсе, биыл қалған бөлігі (2,4 шақырым), сонымен бірге 1,2 шақырым болатын «Самара-Шымкент-Бекбауыл» автожолының 0,6 шақырымы орташа жөндеуден өткізілді.

– Аймақта жеті аудан арасынан алғаш болып аралдықтар «көгілдір отынға» қол жеткізгенін білеміз. Биыл тұзшылар қауымы да газдың игілігіне бөленіп жатқан жайы бар. Ендігі жерде елді мекендерді газдандыру бойынша қандай жоспарларыңыз бар?

– Арал қаласында 6667 тұрғын үйдің 95,5 проценті газ қолданып отыр. Сондай-ақ, 210 кәсіпкерлік және 23 әлеуметтік-мәдени нысан «көгілдір отын» көзіне қосылған. Бұдан бөлек Жақсыкылыш кентіне «Компания Газ Строй» ЖШС мердігер мекемесі арқылы газдандыру жұмыстары жүргізіліп, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалыкова телекөпір арқылы Жақсыкылыш кентіне «көгілдір отынды» қосты. Кентте Аралдың ақ алтыны – тұз өндіретін «Аралтұз» АҚ орналасқан. Газдандыру жұмыстары барысында 57,7 шақырым газ құбыры тартылып, 1 газ тарату пункті және 4 шақты газ тарату пункті орнатылды. Бүгінде Жақсыкылыш кентіндегі жалпы саны 855 жеке тұрғын үйдің 405-і (47,3%) газға қосылды.

Сексеуіл кентін газдандыру облыстың әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған кешенді жоспарына енгізілген. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы арқылы «Арал ауданының Сексеуіл кентінде АГБС (автоматтандырылған газ бөлу стансасы) орнатумен қоса «Бейнеу-Шымкент» магистральдық газ құбырынан бұрма газ құбырын салу» жұмыстарына жоба-сметалық құжаттама әзірленуде. Кешенді жоспарға сәйкес Сексеуіл кентінде газ жеткізу құбырын және орамшылдық газ тарату желілерін салу 2022 жылға жоспарланған.

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Сексеуіл кентін «көгілдір отынға» қосу әрдайым басты назарымызда.

Әңгімелескен
Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»,
Арал ауданы



● ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМ

ҰМЫТЫЛМАС БЕЙНЕ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Еліміздің Тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктерін бір ғана Қызылорда облысының көрсеткіштерінен айқын аңғаруға болады» деп айрықша атап көрсеткен еді. Сыр өңірі кейінгі он-он бес жыл ішінде ерекше өзгеріп, елеулі нәтижелерге жетті. Құрылыс саласын, өндірісті, ауыл шаруашылығын өркендетуден республикада алдыңғы қатарға шықты. Дарияның сол жағалауында жарқыраған жаңа қала пайда болды. Мұның барлығы ежелден еңбекшіл Сыр халқының, оларды жасампаз жұмысқа жұмылдырған ауыл, аудан, облыс басшыларының өміршең өнегелі қызметтерінің нәтижесі екені даусыз. Көз алдымызға облыс басшылары болған Исатай Әбдікәрімов, Тәкей Есетов, Сейітбек Шаухамановтың жарқын бейнелері келгендей болады. Сондай-ақ ұзақ жылдар аудан басқарып, өнегелі ісімен ел құрметіне бөленіп, шынайы қайраткерлік танытқан Елеу Көшербаев, Ғафур Мұхамеджанов, Қонысбек Қазантаев, Еламан Жүнісбаев, Нәлкожа Ерғешбаев, Сәмит Далдабаев есімдерін ерекше құрметпен еске аламыз.

Біз бүгін ұзақ жылдар Сырдария, бұрынғы Терөзек аудандарының бірінші басшысы болып халқының шынайы құрметі мен іттипатына иеленген Нәлкожа Ақбалаұлы Ерғешбаев жайлы кеңінен әңгімелегенді жөн көрдік.

Оның есімі Сыр өңіріне жақсы таныс. Партия, кеңес органдарын бес саусағындай білетін көнекөз қариялар да, онда қызмет еткен қоғам қайраткерлері де ол туралы жағымды пікір білдірері анық. Өйткені, Н.Ерғешбаев адамды адам ретінде тану қалпынан, тәңір қанына сіңірген сыйайылық пен әділет жолынан ауытқымады. Адам алаламады, біреуді сыртынан ғайбат сөз айтпады, қолынан келсе қолғабыс беруге даяр тұрды. Сол мінез-құлқымен, сол қасиетімен халыққа жақты, айналасындағы жоғары-төмен лауазымдағыларға қадірін арттырды. Кім-кімге де жана-шырылық, қайырымдылық жасап, қателігін түзеп, сәл ғана жақсылығын мадақтап, мәртебесін көтеріп жіберуге бейім тұратын оны қатарластары да, үлкенді-кішілі сыйластары да аса құрмет тұтты.

Нәлкожа Ақбалаұлы Ерғешбаев 1931 жылы 1 наурызда Жаңақорған ауданының «Бірік» елді мекенінде өмірге келді, сонда ержетті. Ол жылдары білім беру саласында түрлі өзгерістер жиі болып тұратын. Қоғам дамып, техникалық мүмкіндіктер артқан сайын білім беру салаларына қойылатын талаптардың өзгеріп тұруы заңды құбылыс. 1946 жылы аудандағы барлық мектептердің 7 және 10 сынып бітірушілерінен емтиханды бір жерде қабылдау жөнінде шешім қабылданды. Аудандағы жалғыз орта мектеп Жаңақорған қыстағында болатын. Оның 10-шы сыныбы жоқ, ең жоғарысы 9-сынып еді. Сол жылы қазіргі Төменарқа қыстағының қасындағы «Қандыарал» деп аталатын колхоздан 7-сынып бітірушілермен бірге емтихан тапсыруға Нәлкожа да келіп, қатарларынан үздік шығып, келесі сыныпқа көшті. Ол кезде балалардың білім деңгейі тым төмен болатын, келесі сыныпқа бір не екі баладан артық көше алмайтын. Шындығына келгенде, шәкірттердің емтихан сынағынан өте алмауы қабілеттерінің төмендігінен емес, сұрапыл соғыстың елге салған шектен тыс ауыртпалығынан болатын. Өйткені, колхоздың бар жұмысын қолмен атқаратын балалардың сабақ оқуға мұршалары бола бермейтін және оларға сабақ беретін білімді ұстаздар да жоқтың қасы еді.



Балалық шағы соғыспен тұспа-тұс келген Нәлкожа өз қатарластарымен бірге қолхоз жұмысына бел шеше кіріскенді. Колхоз басшылығы тарапынан тапсырылған жұмыстарды жүйелі түрде атқарып, озаттар қатарына ілігіп, лайықты бағасын алды. «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбектегі жетістігі үшін» медалімен марапатталып, алғашқы награда оны омырауға тақты. Сенім мен жауапкершілік жүгін жіті сезініп, ел ертіне үлес қосуды армандады. Қол еңбегін алмастыратын күш қажеттігін сезінді, ол техника мен озық үлгідегі технология екенін бағамдады. Болашақта техника тілін жетік меңгеріп, қазіргі қолмен атқарылып жатқан тірліктерді жеңілдету басты арманына айналды.

Сөйтіп 1949 жылы онжылдықты бітірген соң Қазақ ауыл-шаруашылық институтының ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетіне оқуға түсті. Соғыс аяқталғанымен, елдің тұрмысы жөнделе қоймаған кезең, ата-анасының оған көмек беретіндей мүмкіндігі жоқ, тек қаниқұлда елге барғанда аздап талқан, сөк, күріш беріп жіберетінді. Содан да болар бес жыл бойы жарытымсыз стипендиямен оқып шықты. Стипендияның өзі де үлгілері төмендеген берілмейтінін ескерсек, оның нашар оқуға қалысы да жоқ еді.

Институтты 1954 жылы бітіргеннен кейін Қызылордаға жолдамамен келіп, алғашқы еңбек жолын Арал МТС-та инженер-бақылаушы болып бастады. Ұлттық кадрдың тапшы кезі, техниканы игеру – уақыт талабы. Бес жыл алған білімін өндірісте дәлелдеу сынағы басталғандай. Байқап қараса, теория мен тәжірибенің арасы жер мен көктей екен. Дегенмен, өз мамандығын құлай сүйген ниеті бар, бойында жастық күш-қайраты, қиындыққа мойымас намыс-жігері бар жас маман өз ісіне бел шеше кірісті. МТС-та инженер-бақылаушы бола жүріп, арнаулы мектепте механизаторлар дайындауға атсалысты. Жастарды оқыта жүріп, өзі де екі жыл көлемінде техника тілін жете түсініп, нағыз инженер дәрежесіне көтерілді. Көпшіл, бала кезінен еңбекпен шыныққан ептілігі, қанағатшылдығы, құбатобел тірлікке үйренген тындырмпаздығы оның мерейін өсіріп, көпке жағымды етті. Бірінші кезекке ұжым жұмысын қоятыны, қоғамдық тәртіпті қатаң сақтайтыны абыройын асырды.

Көп кешікпей Аламесек МТС-нда бас инженер, сосын директор болды. Өрине, қызметтің жоғарылауы жауапкершілікті де арттыра түсті. Бүкіл бір аудан шаруашылықтарын техникамен қамтамасыз ету оңай шаруа емес-ті. Айналасындағы мамандармен ақылдаса, қажетті жерінде олардың ақыл-кеңесіне құлақ аса отырып істеген іс өзінің нақты нәтижесін берді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, берілген тапсырысты түгелдей орындау мүмкіндігін тигенді. Мұнан кейін өзі еңбек еткен салада білімін көрсеткен жас маман 1960 жылдан «Облплавтормашыны» бастығы, «Қазсельхозтехника» облыстық бірлестігінің төрағасы болып, он бес жылдай мінсіз жұмыс атқарды.

Шыны керек, өз алдына жеке ғимаратты да жоқ мекемені өрге сүйрегенді болды. Ең бастысы, онда жұмыс істейтіндердің әлеуметтік жағдайын жасау қажеттігі туды. Екі жыл ішінде жекелеген кадрларға арнап баспана салдырды, заман талабына сай әкімшілік ғимаратын тұрғызды. Сөйтіп өзі басқарған бірлестіктің жұмысын табандылықпен, адалдықпен өрге сүйрді. Сөйте жүріп Алматы Жоғары партия мектебін сырттай бітірді.

Нәлкожа аға нағыз істің адамы еді. Бір жұмысқа кіріссе соны бітірмей қоймайтын. Оның үстіне адаммен сөйлесе білетін, тіл тапқыш әрі талапшыл болатын. Облысқа қажетті құрал-сайман, тапшы техникаларды тауып беріп, жұмысты тоқтатпайтын еді. Ол тек республикалық емес, одақтық базадан зат алдыратын, бүгінгі ТМД-ның барлық аймағындағы сыйласатын тамыр-танысына отініш айтатын. Бүкіл облысты жаңа техникамен қамтамасыз ету, қолдағы барды ұқыптап ұстап, оны кепілдік мерзіміне дейін жұмыс істетуге керек. Сол үшін техниканы сақтайтын, жөндейтін арнаулы орындар салынуы қажет еді. Бұл жолда Н.Ерғешбаев батыл қадам жасады, мемлекеттік жоспарға еңбеген сыйымдылығы 250 автокөлікке негізделген автобаз құрылысын бастады. Абырой болғанда оған партия органдары қолдау көрсетіп, автобаз диттеген мерзімде іске қосылды. Әр ауданда ауылшаруашылық техникаларын жөндейтін типтік шеберханалар, техникалық қызмет көрсететін түрлі орындар, мал шаруашылығына механикаландыру жүйесін енгізу секілді сан-салалы істер

жүзеге асып, қоғам дамуына айтарлықтай үлес қосылды. Оның осындай озық істері орынды бағаланып, одақтық, республикалық дәрежедегі съездерге делегат болып сайланды. Сондай-ақ оған «Қазақ КСР-на еңбегі сіңген ауыл-шаруашылық қызметкері» құрметті атағы берілді.

Облыстық партия комитетін басқарған Исатай Әбдікәрімовты экономиканы жетік білетін, адамдармен тіл табыса алатын Н.Ерғешбаевты 1974 жылы халық депутаттары Сырдария аудандық атқару кеңесінің төрағасы етіп тағайындады. Келер жылы Терөзек ауданының тізгінін қолына ұстатты. Ол басқарған он жылдың ішінде Терөзек ауданы облыстағы сапалы күріш өндіретін, өнімнің үштен бір бөлігін беретін мықты индустриялық-аграрлық аймаққа айналды. Мұнда сол жағалау магистралдық каналының бойында жайлылығымен сәулеті қалалық мекемелерден кем түспейтін тұрғын үйлер, мектептер, емдеу мекемелері, Мәдениет сарайлары тұрғызылды. Қатардағы еңбек адамдарын моральдық-материалдық жағынан көтермелеп, оларға қамқор бола білді. Мысалы, «Шіркейлі» совхозының күріш өсірушісі Балдырған Мұстафаева мен «Қараөзек» совхозының шопаны Ахмет Халықов Социалистік Еңбек Ері атағын алды, Зинабдин Лекеров, Абат Сүлейменов, Тұрсын Балапанов, Қыдырқожа Майлықожаев сынды күрішші-механизаторлар орден алды. Олар өз кезегінде Нәлкожа Ақбалаұлын құрмет тұтып, сенім артты. Осындай білікті басшылық арқасында аудан кезінде бірнеше рет Одақтық, республикалық ауыспалы Қызыл тудың жеңімпазы болды.

Нәлкожа Ерғешбаев 1985 жылы Сырдария ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалды. Оның бір ерекше қасиеті – туған жердің, елдің тарихын бес саусағындай білуі. Алыс мал жайылымында орналасқан малшылар отбасындағы үлкен кісілердің, өзге қалада оқып жатқан балаларының аты-жөнін біліп, күнделікті кездесіп жүрген жандай емен-жарқын сөйлесіп, хал-жағдай сұрасатын. Елімен етене араласып, кей әулеттердің тіршілік-тынысын терең біліп, оларға қамқор болуы бірінші хатшының өмірлік кредосына айналған. Кадрларды бағалау, тәрбиелеу, жоқ-жуқа жандарға қамқорлық жасау, рушылдықты қоздыратын келеңсіз іс-әрекеттен аулақ жүру сияқты адами құндылықтарды берік ұстануы арқасында ол бір ауданды ұзақ уақыт басқарып, өзінің елжандылығымен халыққа жақын басшы бола білді. Ол басқарған жылдары Сырдария ауданының дәулеті шалқып, мәдениеті көтерілді. Халықтың әл-ауқаты артып, елдің ауызбірлігі нығайды. Мәселен, Абай, Жамбыл атындағы шаруашылықтар жылына жүз мың центнерден Сыр күрішін өндіре, Аманкелді, «1 Май», КСРО-ның 50 жылдығы және Тартоғай ауылдарында төрт түлік саны еселеп артып, қойдың алтын сұр, бұқар сұры түрлері өз төлі есебінен көбейді. Бір Аманкелді атындағы шаруашылықтың өзінде Балтық жағалауынан әкелінген асыл тұқымды 100 бас ірі қараға арналған сиыр базасы, витаминдік-шөптік ұнтақтың брикеттері мен түйіршіктерін өндіретін жемшоп цехы, 5 мың бас қойға арналған бордақылау алаңы, былғары, қаракөл өңдеуге, қаракөлден және қаракөлшеден бұйымдар тігуге арналған кіші цехтар, 400 орындық Мәдениет сарайы, 640 оқушыға арналған орта мектеп, Қаракөл шаруашылығы институтының 30 орындық мейманханасы бар оқу-зерт-

ханалық корпусы, 20 орындық сауықтыру профилакториясы салынды. Ауданның бірінші хатшысының бастамасымен КСРО-ның 50 жылдығы атындағы шаруашылықтың Қалыбаевтар әулетінен шыққан өндіріс озатына жаңа жеңіл машина берілді. Қалыбаевтар Арысқұм мал жайылымында «Қалыбай бауы» атты бақ отырғызған, кейін бұл жер көптеген адамдар мен малшылар үшін, Жезқазғанға жол тартқан жолаушылар үшін де демалыс орны болды. Аудан басшысының жоғары органдар алдында зейнеткерлер мен соғыс ардагерлерінің, орденді малшылар мен еңбек озаттарының тұрмыстық жағдайларын жақсарту үшін еш қысылмай көмек көрсетуді сұрағаны жайында естелік айтушылар жетерлік.

Ол басқарған жылдары Сырдария ауданының шаруашылықтары облыс орталығын қоршай орналасқандықтан қала халқын ет, сүт, қымыз, қымыранмен және көкөніспен қамтамасыз ету ісін қолға алды. Бірқатар шаруашылықтар бірыңғай көкөніс өсірумен айналысып, қала халқына түрлі көкөністер мен бақша дақылдарын ұсынды. Қала тұрғындары мал өнімдерін де қажетінше тұтынды. Осының бәрінде де ауданның бірінші басшысының өзіндік үлесі бар екені айdan анық.

Нәлкожа Ерғешбаев ұзақ жылғы жемісті еңбегінің нәтижесінде Ленин, «Құрмет белгісі», Октябрь революциясы, екі рет Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталды. Осынаулықты марапаттауларды иеленіп тұрса да ол ешқашан кеуде көтеріп, менменсімеді. «Мұның бәрі Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан қарапайым қатардағы еңбекшілерінің еңбегі» деп айтумен өтті. Ол кісі әрқашан бірінші орынға жұмысты қоятын. Өзінің барлық білімі мен күш-жігерін жұмысқа жіберетін, бос уақытын да жұмысқа сарп ететін. Өзі де жанып тұратын, өзгені де еріксіз жандыратын. Әрдайым ізін басқан ізбасарларын, серіктестерін жаңа істерге жұмылдырып, алға жетелейтін. Сыр өңірінің басшылық органдарында қызмет еткен С.Далдабаев, Д.Айсын, А.Камалладинов, А.Божанова, С.Асқаров, А.Көлбаев секілді белгілі қоғам қайраткерлері Н.Ерғешбаевтың қолдауының арқасында өз ісінің мыйталмандары болып өсіп-жетілді.

Қазақ халқы жастық жігерін, қажыр-қайратын, білімі мен білігін өз елінің, туған жерінің өсіп-өркендеуіне, дамып-нығаюына жұмсаған, сол жолда уақытпен санаспай жұмыс істеген азаматтарын қашанда қадірлеп, құрметтеген. Олардың өнегелі өмір жолы мен өз халқына сіңірген еңбегін кейінгі жас ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге етіп отырған. Өйткені, бүгінгі жеткен жетістіктерімізде, толайым табыстарымызда, ғасырлар бойы арман етіп, қол жеткізген тәуелсіздігімізде Нәлкожа Ақбалаұлы секілді абзал азаматтардың үлесі мол әрі қомақты. Ол кісінің күрделі мәселелерді шешудегі толымды ой-пікірлері мен қиын сәттегі тапқырлығы, өзгелермен қарым-қатынастың қарапайымдылығы, әр азаматтың жеке шаруасына жете мән беріп, ақыл-кеңес пен жол-жоба көрсететін инабаттылығы мен шынайы адамгершілігі, арқаны кеңге салған ақжарқын мінезі келешек ұрпақ өнеге тұтуға тұрарлықтай. Саналы өмір жолын Отан мен халық мүддесіне арнап, өзіне жүктелген міндеттерді адал атқарғандығының, білімі мен білігінің, терең рухани байлығы мен парасатының арқасында көпшіліктің көңілінен шығып, шынайы абырой мен салмақты

беделге ие болған, қайда жұмыс атқарса да абыройлы қоғам қайраткері, ел басшысы бола білген біртуар тұлға Нәлкожа Ерғешбаевтай азаматқа қандай құрмет көрсетсе де лайық. Артына өшпес мұра қалдырып кеткен оның есімі мәңгілік болары хақ.

Орталығы Қызылорда қаласының іргесіндегі Тасбөгет кенті болған бұрынғы Сырдария ауданында алғаш құрылған күнінен аудан тараған 1997 жыл аралығында 30 жылдай қызмет атқардым. Партия комитетінде нұсқаушы, саяси оқу кабинетінің меңгерушісі, газет редакторы, әкім аппаратында ішкі саясат бөлімі меңгерушісі қызметтерінде болдым. Соңғы қызметім Нәкеннің зейнет демалысына шыққан кезеңіне тура келді. 1991 жылы Нәкеннің 60 жылдығы ауданда айрықша салтанатпен атап өтілді. Мерекелік шараларды ұйымдастыру жұмыстарына қатыстым. Қонақтарды күтіп алу, концерттік бағдарлама дайындау жұмыстарымен айналыстым. Нәкен той асабасы аудандық білім бөлімінің меңгерушісі Мәді Махановтың болғанын жөн көрді. Бұл жөнінде Мәдімен ақылдасқанда өзінен гөрі аудандық музыка мектебінің директоры Мәдібек Асановтың жақсы жүргізетіндігін айтты. Алғашында бұған той иесі күдік келтіргендей болды. Бірақ дастархан басында Мәдібектің Мәді айтқандай тыңғылықты дайындалғанын, сөз беретін әр адамның өз жанынан 2-3 шумақтан өлең арнап жібергенін көріп риза болды. Концерттік бағдарлама, жеке әншілеріміз де Нәкеннің көңілінен шықты.

Мерейтойға келген қонақтар мен қызметтестерінің, бұрынғы өзі қызмет еткен аудандардан келген адамдардың той иесіне деген ыстық ықылас, зор құрметінің куәсі болдым. Бұл Нәлкожа Ақбалаұлының адалдығы, жүрек, жан жылуының нәтижесі еді.

Нәкеннің жары Шыныгүл Кәрімбаева жүргенімен мейірім, жүзінен шуақ төгілген аса сыйпай, ағайын-туыстың, өзі қызмет еткен ортаның құрметіне бөленген ерекше жан болды. Ол ұзақ жылдар Қызылорда педагогикалық училищесінде, Тасбөгеттегі №11, Терөзектегі №35 мектептерде ұстаздық қызмет атқарды.

«Орында бар оналар» дегендей Нәлкожа ағаның ұрпақтары, ұл-қыздары әке өнегесіне беріктігін, аманатты адалдығын көрсетуде. Олардың бәрі де жоғары білім алып, өз мамандықтары бойынша жемісті қызмет етуде. Әулеттің үлкені Әбдікәдір облыстық мәслихат депутаты, Құмкөлдегі жеке мұнай компаниясының директоры болды. Қазір Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының төрағасы. Шынар педагогика ғылымдарының кандидаты, Шымкент қалалық «Өрлеу» мұғалімдер білімін жетілдіру институты директорының орынбасары қызметін атқаруда. Жомарт Алматы ауыл шаруашылығы институтын үздік бітіріп, Қызылорда және Шымкент қалалары әкімдіктері аппаратында басшылық қызметтер атқарды. Мұрат облыстағы білікті басшы, көрнекті қоғам қайраткері атанды. Облыс орталығы – Қызылорда қаласының, бірнеше аудандардың бірінші басшысы болды. Қазір облыстағы іргелі Қазалы ауданының әкімі қызметін абыроймен атқарып жүр.

Асыл азамат Нәлкожа Ақбалаұлының жарқын бейнесі жадымызда ұзақ сақталатын болады.

Махмұтбай ӘМІРЕУЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Ашықтық – алға жылжуға сеп

Жемқорлықпен күрес жүйелі. Бұл мақсатта өңірде «Ашық бюджеттер интерактивті картасы» жобасы да қолға алынған. Бүгінде бұл платформаға 698 мекеменің бюджеті енгізілген.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Енді кез келген тұрғын тиісті салаға қанша қаржы қаралғанын көре алады. Бұл туралы 9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай өткен брифингте облыс бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшысының

бірінші орынбасары Бақытжан Жазықов хабарлады.

Мәліметке сүйенсек, жоба іске қосылғаннан бастап облыста денсаулық сақтау және құрылыс салаларына байланысты 3 өтініш және 2 ұсыныс келіп түскен.



– Аймақта сыбайлас жемқорлық дерегі біршама азайды. Өткен жылы 103 қылмыс, биыл 63 жағдай тіркеліп отыр. Сондай-ақ, арнайы мониторингтік топ және «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобасы мүшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы 14 мониторинг жүргізді. Нәтижесінде 45 ұсыным берілді. Бұған қоса, «Protecting bussines and investments» жобасы аясында инвесторлардың жалпы құны 554,3 млрд теңгені құрайтын 21 инвестициялық жобасы қаралды.

Жоба аясында кәсіпкерлерден 61 өтініш келіп түсті, оның 33-і қанағаттандырылды, қалған 28-і бойынша тиісті түсініктемелер берілді, – деді Б.Ниязов.

Сонымен қатар салық органдарында тіркеу, мемлекеттік жылжымайтын мүлікті жалға беруде тендерге қатысу және жер мәселелері бойынша 4 кәсіпкерге қажетті көмек көрсетілген. Спикер ашықтыққа үндейтін шаралар алдағы уақытта да жалғасатынын айтты.

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болдызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген кәзіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жіртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым костарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және салалық сараптамалардың түйіндерін қамтитын, құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынған жобалар болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) тыйым салынады.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2020 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына
3-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы «29» желтоқсандағы №284 қаулысына
1-қосымша

Қызылорда облысының Арал, Қазалы және Қармақшы аудандары аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

№	Су объектілерінің атауы	Әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы	Су қорғау аймағы мен белдеуінің көлемі, гектар	Су қорғау аймағының ені, метр	Су қорғау белдеуінің ені, метр
1	Сырдария өзені	Арал ауданы	2906,17	1000	100
2	Сырдария өзені	Қазалы ауданы	41790,54	1000	100
3	Сырдария өзені	Қармақшы ауданы	54350,27	1000	100

Қызылорда облысы әкімдігінің
2020 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына
4-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы «29» желтоқсандағы №284 қаулысына
2-қосымша

Қызылорда облысының Арал, Қазалы және Қармақшы аудандары аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылықта пайдалану режимі

1. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болдызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, көбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәклетті мемлекеттік органдармен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер казу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, саркынды су жинағыштарды, саркынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемеірінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен коректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған қон қосылған саркынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлісіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

2. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, айлқтарды, порттарды, пірстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жанарғылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайлар салмай ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болдызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген кәзіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жіртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым костарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және салалық сараптамалардың түйіндерін қамтитын, құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынған жобалар болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) тыйым салынады.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2020 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына
5-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы «29» желтоқсандағы №285 қаулысына
1-қосымша

Қызылорда облысының Жаңақорған және Жалағаш аудандары аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

№	Су объектілерінің атауы	Әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы	Су қорғау аймағы мен белдеуінің көлемі, гектар	Су қорғау аймағының ені, метр	Су қорғау белдеуінің ені, метр
1	Сырдария өзені	Жаңақорған ауданы	17503,46	500	35
2	Сырдария өзені	Жалағаш ауданы	6293,91	500	35

Қызылорда облысы әкімдігінің
2020 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына
6-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы «29» желтоқсандағы №285 қаулысына
2-қосымша

Қызылорда облысының Жаңақорған және Жалағаш аудандары аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылықта пайдалану режимі

1. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болдызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс

6-бөт

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңның 25-бабына сәйкес сатушы тұтынушыға тауарлар, оның ішінде тауардың мақсаты туралы және тиімді әрі қауіпсіз қолдануға жағдайлары туралы мәліметтерді, сондай-ақ ҚР-ның заңдарына сәйкес тұтынушыға ұсынылуы міндетті болып табылатын не тұтынушы мен сатушы (дайындаушы, орындаушы) арасында жасалған шартта көзделген өзге де мәліметтерді ұсынуға міндетті.

Сатушы тауар туралы тиісті ақпаратты дайындаудыңдан алмаған жағдайда да жауапкершіліктен босатылмайды. Бұл ретте көрсетілген Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес сатушы (дайындаушы, орындаушы) тұтынушыға ықтимал түзөуекел туралы және тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) қауіпсіз пайдаланудың шарттары туралы хабарлауға міндетті. Бұл ретте, егер тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) қауіпсіз пайдалану, оны сақтау, тасымалдау немесе қастеу жарату үшін арнаулы ережелерді сақтау қажет болса, онда дайындаушының (орындаушы) оларды және интеграция

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қызылорда облысының тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті, Тел.: 8(7242) 23-50-72, 23-50-66. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №52 ғимарат. Инстаграмм: dzppkzylorda Фејсбук: DnnпҚызылорда

толық және дұрыс ақпарат, атап айтқанда материалдың ерекшеліктері туралы ақпарат беруі тиіс.

Көрсетілген Заңның 31-бабының негізінде, Сізге залал келсе өтеге аласыз. Онда сатушы тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы толық емес, дұрыс емес немесе уақыттылы берілмеген ақпарат салдарынан тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды толық көлемде өтеуге міндетті, сондай-ақ талап берілген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде тұтынушыға зиянды өтеу туралы жауап беруге не тұтынушының талаптарын қанағаттандыру үшін тиісті шаралар қолдануға тиіс деп жазылған. Осы нормаға сүйенсе отырып, Сізге шағыммен сатушыға, ол баст тартқан жағдайда тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға немесе тұтынушылық дауды сотқа дейінгі реттеу субъектісіне, сондай-ақ сотқа жүгінуге құқықсыз.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қызылорда облысының тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті, Тел.: 8(7242) 23-50-72, 23-50-66. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №52 ғимарат. Инстаграмм: dzppkzylorda Фејсбук: DnnпҚызылорда

жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, көбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәклетті мемлекеттік органдармен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер казу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, саркынды су жинағыштарды, саркынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемеірінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен коректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған қон қосылған саркынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлісіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

2. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, айлқтарды, порттарды, пірстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жанарғылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайлар салмай ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болдызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген кәзіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жіртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым костарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және салалық сараптамалардың түйіндерін қамтитын, құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынған жобалар болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) тыйым салынады.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2020 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына
7-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы «24» ақпандағы №720 қаулысына
1-қосымша

Қызылорда облысының Қызылорда қаласы аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

№	Су объектілерінің атауы	Әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы	Су қорғау аймағы мен белдеуінің көлемі, гектар	Су қорғау аймағының ені, метр	Су қорғау белдеуінің ені, метр
1	Сырдария өзені	Қызылорда қаласы	18336	43-569	35

Қызылорда облысы әкімдігінің
2020 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына
8-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы «24» ақпандағы №720 қаулысына
2-қосымша

Қызылорда облысының Қызылорда қаласы аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылықта пайдалану режимі

1. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болдызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, көбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәклетті мемлекеттік органдармен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер казу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, саркынды су жинағыштарды, саркынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемеірінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен коректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған қон қосылған саркынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлісіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

2. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, айлқтарды, порттарды, пірстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жанарғылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайлар салмай ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болдызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген кәзіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жіртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым костарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және салалық сараптамалардың түйіндерін қамтитын, құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынған жобалар болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) тыйым салынады.

ЖОБА

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемдерінің ставкаларын (түбірмен босатылатын сүрек үшін белгіленетін ставкаларды қоспағанда) бекіту туралы

“Қазақстан Республикасының Орман кодексі” Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдесіндегі № 477 Кодексінің 14-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ПЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемдерінің ставкаларын (түбірмен босатылатын сүрек үшін белгіленетін ставкаларды қоспағанда) бекітсін.

2. Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №301 «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемдерінің ставкаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5193 нөмірімен тіркелген, облыстық “Сыр бойы” және “Қызылординские вести” газеттерінде 2015 жылғы 31 қазандағы № 164-165 жарияланған)және Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 14 шілдесіндегі №133 «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемдерінің ставкаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №301 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5119 нөмірімен тіркелген, облыстық “Сыр бойы” және “Қызылординские вести” газеттерінде 2017 жылғы 11 мамырдағы №68-68 жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні
2020 жылғы ____ № ____ шешіміне қосымша

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемдерінің ставкаларын (түбірмен босатылатын сүрек үшін белгіленетін ставкаларды қоспағанда)

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Төлем ставкасы Тенге / АЕК
		1. Шоп шабу	
1.	Шоп шабу: жай-күйі жақсы жай-күйі қанағаттанарлық жай-күйі нашар	1 гектар 1 гектар 1 гектар	171,84 тенге 128,8 тенге 100,24тенге
		2. Мал жаю	
1.	Түйе	1 бас-жылға	911,3 тенге
2.	Мүйізді ірі қара, жылқы	1 бас-жылға	729,04 тенге
3.	Ұсақ мал (қой)	1 бас-жылға	182,6 тенге
4.	Ұсақ мал (ешкі)	1 бас-жылға	637,91 тенге
5.	Ірі қара малының жас төлі	1 бас-жылға	364,52 тенге
		3. Омараттар мен ара ұяларын орналастыру	
1.	Омараттар мен ара ұясын орналастыру үшін	1 ара ұясы-жыл	143,2 тенге
		4. Ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттарында ұзақ мерзімге орман пайдалану	
1.	Ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін	1 гектар	71,6 тенге

Қызылорда облысы әкімдігінің
2020 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына
9-қосымша



175

Абайды тану үшін оның өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ашылуы керек. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Абай мұрасы – жалпы адамзаттық құндылық» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ақынның шығармашылық бағыты мен көзқарасын саралау, рухани мұрасының адамзат игілігіне айналуына жол ашу, жаңа деректерді ғылыми айналымға ендіру іс-шараның мақсаты болып белгіленген.

Ақын мұрасы – адамзат құндылығы

Университет ректоры Бейбіткүл Кәрімова Абай жылы аясында атқарылған іс-шаралармен таныстырып, жиынның маңызына тоқталды. Абай тек қазақ халқының емес, түбі бір түркі жұртының тұғырлы тұлғасы екендігін айтып, конференцияға қатысқан шетелдік және отандық ғалымдарға алғысын білдірді.

Ғалымдар хакім Абай даналығы, оның қазақ әдебиетіндегі орны, шығармаларындағы Құран қағидаттары, түркі-парсы ақындары, модернизм, қарасөздерінің танымдық сипаты, жастар тәрбиесі және рухани реформаторлық тұлғасы жайында ғылыми тұжырымдарымен таныстырды. Зерттеулерден Абай мұрасы, гуманизм мен адамсүйгіштік идеялары ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі екендігіне тағы да бір көз жеткіздік. Ақын тұлғасын тану үрдісін жанаша пайымдармен, тың тұжырымдармен, мағыналы деректермен толықтыру өскелең ұрпақ бойында азаматтық рухты нығайтуға, рухани жаңғыру ісіне игі ықпалын тигізетіні анық. 400-ден аса тыңдаушы қатысқан халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция барысында бірнеше ұсыныс түсті.

Олар облыстық және аудандық музейлер экспозицияларындағы Абай мұрасының мазмұнын кеңейту және насихаттаумен, аймақтағы жоғары оқу орындарының үздік оқитын студенттеріне «Абай» атындағы арнаулы стипендия тағайындаумен, Абай шығармаларын араб, түрік, корей, қытай және т.б. тілдерге аудару жолын іздестіру, зерттеумен сабақтас. Сонымен бірге Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеу нәтижелерін ғылыми айналымға ендіру мақсатында «Абай» оқуларын өткізу ұсынылды.

Аяғөз ӘБДІПАЗАҚОВА, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы

● ТҰСАУКЕСЕР

«Бұрынғының адамдары» бүгінгінің қолында



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханада жазушы, жерлесіміз Айжарық Сәдібекұлының «Бұрынғының адамдары» атты кітабының тұсау-кесері өтті. Бұл кітапқа жазушының «Өлер-мен өмір» романы мен «Сұрапыл», «Қарашыққа қатқан мұз» аталатын повестері енгізілген.

Шараға жазушының замандастары, мәдениет өкілдері, туған-туыстары қатысты.

Тұсаукесердің алғысөзін алған кітапхана директоры Н.Мыңжасов бірнеше ай бұрын өмірден өткен ардақты аға, қарымды қаламгердің өлмес өмірі басталғанын, санагерлер сарайы Ә.Тәжібаев кітапханасының осындай ізгілікті істерге ұйтық бола беретінін айтты.

Ал, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық ұйымының жетекшісі Қаршыға Есімсейітова Айжарық ағаның туған жерден табан аудармай жүріп-ақ астаналық жазушылармен иық тіресе еңбек еткенін тілге тиек қылды. Мұнан соң жазушының досы Тобааш Ембергенов сөз сөйлеп, әдебиет тұлғасын дәріптеп, еңбегін ұрпаққа үлгі тұтқан азаматтарға алғыс білдірді.

Өз кезегінде жұрт алдына шыққан қаламгердің рухтас інілері – ақын Толыбай Абылаев, филолог ғалым Шанжархан Бекмағанбетов, «Сыр медиа» ЖШС Бас директоры Аманжол Оңғарбаев келелі ойларын ортаға салды. Олар Арал қаласынан бір көшенің жазушының атына берілуін құптады.

Кітапхана қызметкерлері жынға келгендерді жазушының шығармашылығына арналған «Ақиқат айдынындағы ақ шағала» атты кітап көрмесімен таныстырды.



«СБ» ақпарат

Волонтерлік – өмір белесі

Қиналғанға қол ұшын созып, айналасындағыларға қамқорлық танытып жүретін еріктілердің орны ерек. Сондықтан да еріктілер қозғалысын дамыту мәселесі назардан түскен емес. Ал, былғы жылдың волонтерлар еншісінде болуы ауқымды істерге серпін берді.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Бұл туралы «Волонтерлік – өмір белесі» тақырыбындағы облыстық Волонтер жылының жабылу салтанатында айтылды. Шарада жыл көлемінде волонтерлік қызметтің 7 негізгі бағыты бойынша жұмыстарды үйлестірген облыстық басқарма басшылары, облыстық «Волонтерлар фронт офисінің» мүшелері мен қала және аудандардағы еріктілер марапат мінберінен табылды.

Кездесу барысында облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының міндетін атқарушы Еркін Әбішев осыдан тура 12 ай бұрын еріктілер жылы ресми ашылғанын, осы уақыт

аралығында жауапкершілік еселе-не түскенін айтты. Мерекеде «Жыл волонтері» облыстық сыйлығы табысталды. Бұдан бөлек, халық игілігіне қызмет етіп, Сыр өңірінің әлеуметтік дамуына қосқан үлесі үшін 10 волонтерға облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың Алғыс хаты табысталды.

– Облыстық «Жастар ресурстық орталығы» жанынан құрылған «Волонтерлар фронт офисінің» еріктілер қатарына қабылданып, «Bilim» бағытын дамытуға атсалысып келемін. Кешегі пандемия өршіген тұста 11-сынып оқушыларын онлайн оқытуға күш салдық, қазір орталықтағы IT кітапханада мектеп бітірушілерге арналған тегін курстар өткізудеміз. «BIZ BIRGEMIZ» республикалық акциясы аясында қала тұрғындарына бетперде таратуға атсалысып жүрміз. Кеше осы еңбектің, Сыр еріктілерінің еңбегінің нәтижесінде «Жыл волонтері» облыстық сыйлығын иеленіп отырмын. Бұл – көмек қолын создым, марапатталдым дегенім емес, өзге де жерлестерімнің осындай игі істерге атсалысып, қатарымызға қосылса деген ниетім, – дейді Талғат Мендібаев.

● ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТӨЛ ПЕРЗЕНТІ



Тәуелсіздікке қол жеткізген тұста өмірге келген бүлдіршіндер бүгінде ат жалын тартып мінген азаматтарға айналды. Олар баянды болашаққа бағыт алып, келешекке нық қадам басқан елін мақтан етіп, өніп-өсуде. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жете ұғынып, өз елінің дамуына, өрлеу жолында табысты еңбек етуде.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

«Біз – бақытты ұрпақпыз»

Ғалымжан Кеңшілікті көзі қарақты көрермен жақсы таниды. Ұлттық арнада түрлі бағдарламаларды тізгіндеп жүрген әріптесіміз бала жасынан білімге құштар болды.

– Біз еліміз тәуелсіздігін жария еткен тұста өмірге келдік және осыны мақтан етеміз. Бала кезімде мереке қарсаңында Елбасы Тәуелсіздік құрдастарын арнайы құттықтап, оларға сыйсияпат көрсететін. Еліміздің болашағы жас ұрпақпен байланысты екенін еске салып, зор сеніммен қарайтын. Біздің білім алуымызға, жан-жақты дамуымызға барлық жағдай жасалды, – дейді ол.

Ғалымжан Кеңшілік Қызылордадағы №12 орта мектепте білім алды, М.Мәметова атындағы педагогикалық колледжі бітірді. Одан әрі жоғары оқу орнын тәмамдады, жергілікті телеарналарда жұмыс істеді, болашағын тележурналистикамен байланыстырды.

– Оқушы кезімде жан-жақты болу үшін барлық үйірмелерге қатыстым. Спорттық ойындардан да қалыс қалған жоқпын. Абай оқуларының жұлдегері атандым. Облыстық деңгейдегі «Жас ұрпақ» ұйымының жұмысын жүргіздік. «Оқушылар сарайы» екініші үйім болатын. Мектеп бітіргенге дейін үйірмелерден қол үзген жоқпын. Жайдармен ойындарында өнер көрсеттім. Бұл баспалдақтар менің тұлға ретінде қалыптасуыма үлесін қосты, – дейді Ғалымжан.

Ол – отбасында тұңғыш немере. Ата-әжесінің бауырында өсті. Ұлкендердің тәрбиесін алды. Ғалымжан мектеп табалдырлығын аттамай тұрып, «Әліппені» таныды. Атасы немересіне жыр-дастандарды оқып, азаттық жолында күрескен батырлардың

ерлігі жайындағы әңгімелерді, «Тәуелсіздік» ұғымын, мәні мен мағынасын түсіндіретін.

Болашағын бас қаламен байланыстырған ол 2013 жылы Елордаға көшіп, түрлі салада қызмет атқарды. Ал, телевизия саласындағы еңбек жолы «Жетінші арнадағы» «Күнбастар» бағдарламасында басталды. Одан кейін Ұлттық арнада жұмыс істеді. Ең алғашқы тікелей эфирі «Бүгін жексенбі» бағдарламасы болды. Мұнан кейін өзге де арналарда түрлі бағдарламалардың жүргізушісі атанды. Қазақ елін әуезді әнімен, тағылымды әңгімесімен ұйқысынан оятатын «Таңшолпан» бағдарламасын жүргізді. Бағдарлама – қуанышты, жағымды жаңалықтардың жаршысы. Былтырдан бері «Екі жұлдыз» музыкалық реалити шоуының жүргізушісі ретінде танылды. Биыл «Егіз лебіз» музыкалық бағдарламасын тізгіндеді. Тележүргізуші жеткен жетістігінің бәрін тәуелсіздіктің жемісі деп біледі.

– Біз бодандық дегеннің не екенін білмесек те, үлкендерден естіп өстік, кітаптардан оқыдық. Жұбан ағамыз айтқандай, «мың өліп, мың тірілген» қазақтың қалың тарихына үңілсең, талай қиын сәттерді бастан өткергені белгілі. Тағдырдың тезіне қайсарлықпен төтеп берді. Ұшқан құстың қанаты, шапқан аттың тұяғы талапты дархан даламызды білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғады. Сондықтан тәуелсіздік – қастерлі, қасиетті ұғым, – деді ол.

Жерлесіміз егемен еліміздің ертеңіне қалтқысыз қызмет етіп, перзенттік парызын адал атқаруға әркез дайын.

Сағыныш сезімі атамекенге жетеледі

Әйгерім Ержанат Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында дүниеге келген. Әкесі Ержанат Төлейбай – жүк көлігінің жүргізушісі. Анасы Бақытқұл Ахмет ұй шаруасында, 4 бауыры бар. Бала күнінен Абай, Мұқағали шығармашылығымен сусындап, жыр-дастандарды жаттап өсті. Мектеп қабырғасында түрлі іс-шараларға қатысып, белсенді оқушы болды. Жазба ақындар мүшәйраларының жүлдегері атанды.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Ол қазақ елінде болып жатқан жаңалықты қалт жібермей бақылайтын. Өзінің қазақ екенін мақтан тұтатын. Әсіресе, көгілдір экрандағы тележүргізушілерге қызығатын. Бауырларына жаңалық оқып беретін. Бала арманы өсе келе қазақ еліне деген сүйіспеншілігін арттырды. Жоғары сыныпта оқып жүріп, Қазақстандағы жоғары оқу орындары жайында зерттей бастады. Ата-анасы да қызына қолдау көрсетті. Өткен жылы елге оралды. Павлодар қаласында дайындық курсынан өтті. Қазір Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті.

– Бала күнімде атам «туған жерім аңсамайтын жан болмайды» деп отырушы еді. Тарихтан көп сыр шертетін. Балалықпен түсіне қоймадық. Кейін өсе келе әкем ата-бабамыз қиын кезеңдерде атамекенін тастап кетуге мәжбүр болғанын айтты. Қазақ елі байырғы мекеніміз екенін білдік. Содан бері кеудемде сағыныш пайда болды. Бұл сезім мені атамекенге жетеледі. Қай елде жүрсем де өзімді қазақ баласы екенімді ұмытқан емеспін, – дейді ол.

Ол Абайдың «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» әндерін нақышына келтіріп орындайды. Қолөнерге де әуестігі бар. Тоқыма тоқып, құрақ құрайды. Бұл өнер оған анасынан дарыған. Қызына қазақтың ұлттық ою-өрнектерін қолдану әдісін, мағынасы мен мәнін ұғындырып, санасына сіңірген. Кітап оқығанды жақсы көреді. Әсіресе, рухани мұраларымыз – ежелгі жыр-аныздар, сал-серілік дәстүр, саят құстары, археология мен қазақ қолөнері жайлы зерттеу еңбектерді қарағанды ұнатады.

– Елге келгенде бір нәрсе көзім жетті. Жастарға қолдау бар. Тегін білім алуға, жұмысқа орналасуға, баспанаға қол жеткізуге жағдай қарастырылған. Мұның бәрі Тәуелсіздіктің арқасы. Тәуелсіздікпен бірге түлеген жастар білімге құштар, талантты. Мақсаттары айқын, ойлары жүйрік, – дейді ол.

Жас өрен қатарластарынан қалмауға тырысады. Қосымша ағылшын тілін үйреніп жүр. Жоғары оқу орнында түрлі пікірсайыстарға қатысып, өткір ойларымен, сауатты сөз саптауымен белсенді студенттер қатарына ілікті.

– Байқағаным қалада іргелі істер, әдемі, көрікті, заулім ғымараттар көп. Көшеде, қоғамдық орындарда ұлттық нақыштағы дүниелер орнатылған. Қалаға алғаш келгенімде бір күнімді арнап, толық танысып шықтым. Мұның бәрі де тәуелсіздіктің жемісі деп білемін, – дейді ол.

Жарамсыз деп есептелсін

Ергешов Жасұлан Бейсенбекұлының атына Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасынан 23.10.2020 жылы берілген №239 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Газетіміздің келесі саны 16 желтоқсан, сәрсенбі күні шығады.